# SARYARQA

24 sáýir 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№15 (8179)



AINA — ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІН ТҮСІНДІРДІ — 2-бет

QOǴAM — СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН — 3-бет

ZERDE — АМАНАТҚА ҚИЯНАТ ЖАСАМАЙЫҚ — 5-бет

RÝHANIAT — ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ОРАЗА КЕСТЕСІ — 6-бет


ЕЛ және ЕЛБАСЫ

## ХАЛЫҚТЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ



**26 сәуірде Қазақстан Республикасында президенттік институттың жұмыс істеп келе жатқанына тура 30 жыл болады. 33 жасымда адал түрде әрі бәсекелестік жағдайында өткізілген сайлауда бірнеше қарсыласымды жеңіп, Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болғаныма 30 жыл өте шығыпты. Жоғарғы Кеңестің 12-ші шақырылымының бірінші сессиясында ең негізгі мәселе президенттік институтты енгізу болғандығы санамда әлі күнге сайрап тұр. Ол кезде Мәскеу республикамыздың бұл жолмен дамуына ыңғай таныта қойған жоқ және Қазақ КСР басшылығына, ең алдымен Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы – еліміздің тізгінін қолына алған Нұрсұлтан Назарбаевқа қатты қысым жасады. Ал Назарбаев үшін партия жұмысы бәрінен жоғары басты әрі маңызды мақсат және менеджмент мектебі, ұйымдастыру мен басқарудың арқауы еді. Нұрсұлтан Әбішұлы мұны «Қарметкомбинат» партия ұйымының хатшысы, содан кейін Қарағанды обкомының хатшысы және Қазақстан Компартиясының хатшысы болған кездері анық түсінді. КОКП-ның басқарушылық және бағыттаушы рөлі КСРО Конституциясында жазылған болатын, алайда горбачевтік қайта құру жылдары көптеген демократ партиялық диктаттан бас тартуды талап ете бастады. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Мұндайды ойлаудың өзі мүмкін бе еді!**

►►*3-бетте*

## ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚТАР, ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

*Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Қазақстан – қашан да бірлігі жарасқан, біртұтас, мызғымас ел. Халқымыздың ақжарқын, риясыз көңілі, бейбітшілік пен өзара түсіністікте өмір сүру тәжірибесі кімді болса да сөзсіз тәнті етуде. Азаматтарымыз бүгінгі күрделі жағдайда да бір-біріне қол ұшын беру арқылы біздің елімізде достықтың, өзара көмек пен қолдаудың жоғары бағаланатынын айқын көрсетуде.*

*Әр отбасына денсаулық, құт-береке, шығармашылық табыстар, әрдайым бейбіт аспан астында рухани гүлдене беруін тілейміз. Еліміздің ұлы болашағы әр азаматымыздың бақытты болуына байланысты. Олардың Қазақстанды өз қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, молшылыққа жеткізіп, қорғаншысы бола алатын өзінің туған үйіндей сезінуіне тілектеспіз.*

*Біз біргеміз! Біздің күшіміз - бірлікте!*

*Мереке құтты болсын!*

***Құрметпен,***
**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**


## «SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**

**Газетке 8 айға жазылу бағасы**
*Жеке тұлғалар үшін*
**Мекенжайға жеткізіп беру – 2700 теңге;**
**Редакциядан келіп алу – 2000 теңге;**
*Заңды тұлғалар үшін*
**Мекенжайға жеткізіп беру – 4700 теңге;**
**Редакциядан келіп алу – 4000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:***
***8 7102 71 00 55, 77 50 25***


БІЗ – БІРГЕМІЗ!

## «БІРЛІГІМІЗ – БАЙЛЫҒЫМЫЗ»

**Құшағы кең, көңілі дархан қазақ елі мен жері күштеп көшірілген, тың игеруге келген жүздеген ұлттың мыңдаған өкілін бауырына тартып, құтты мекеніне айнала білді. Тағдыр тәлкегіне түсіп, біздің жерден пана тапқан жүз түрлі ұлт жүз уықтай Тәуелсіздігін алған жас мемлекеттің шаңырағын шайқалтпай, қабырғасын қатайтуға үлес қосып, ұйтқы болғаны да сондықтан. 1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні болып бекіді. Ширек ғасырдың ішінде ұлттық сипатқа ие болған мереке қарсаңында «Дуслык» татар-башқұрт бастамашыл тобының мүшесі Нұрия НИГМАТУЛИНАНЫҢ әңгімеге тарттық.**

***– Халық саны 92 мыңға жуықтаған Жезқазғанда мыңға жуық мекен етеді екен. Солардың басын біріктірген «Дуслык» бастамашыл тобының өткені мен бүгіні жайында әңгімелеп берсеңіз.***

– Негізінен ел дамуы жолындағы барлық ауқымды жобалар мен тың идеялар біздің Тұңғыш Президентімізге тиесілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Нұрсұлтан Әбішұлының ұсынысымен республиканың түпкір-түпкірінде этно-мәдени бірлестіктер құрыла бастады. Сол тұста Гүлсина Гареева жезқазғандық татар-башқұрттарды арнаға тоғыстыру мақсатында «Дуслык» бірлестігін құрды. Бүгінде бастамашыл топ ретінде қызмет етіп тұрған «Дуслык»-қа Римма Исымова жетекшілік етеді.

Орталық жұмысының алға басуына барлық жағдай жасалған. Қалалық әкімдіктің қолдауымен Халықтар достығы мен мәдениеті үйінен үлкен әрі жарық кабинет берілді. Мұнда мүмкіндігінше апта сайын жиналуды дәстүрге айналдырдық. Қазіргі таңда көбінесе біздің топқа егде жастағылар мүшелік етеді. Өйткені, жастар жағының күйбең тірлікпен бос уақыттары жоқ. Онысы дұрыс та. Олар күн сайын емес минут сайын өзгерген мына заманның ағысынан қалып қоймауы тиіс.

Қатарымыз сиреп жатса-дағы біздер қаланың қоғамдық-мәдени өміріне араласып, белсенділік танытуды өзімізге парыз санаймыз. Сондықтан, еліміздің атаулы күндері мен мерекелерін асыға күтеміз. Шуласып, қандай өнер көрсететінімізді ақылдасамыз. Қалың көпшіліктің назарына ұсынатын қолөнер көрмесіне де тыңғылықты дайындаламыз. Сонымен бірге, «Возрождение» неміс ұлттық мәдени орталығы мен «Диндаллэ» ансамблі, «Қазақстандағы орыс қауымдастығы», «Ватан» түркмен ұлттық қоғамдық бірлестіктерімен бірге ортақ үйіміздегі татулық пен келісімді одан әрі нығайту бағытындағы байланысымыз үзілген емес.

Сөз арасында жасы сексеннен асып, тоқсанға жуықтаған топ мүшесі Гүлсім апа жайында айтпай кетсем маған сын. Ол әрбір мерекеде өнер көрсетуге дайын. Маған хабарласып: «Сен ән айтсаң, мен би билеймін» деп құлшынып тұрады. Осылайша, ел арасында екеуміздi «анасы мен қызы» деп те атап кетті *(күледі)*.

***– Нұрия Шайхулаевна, Сіздің аталарыңыз қазақ жеріне қашан және қалай келгені жөнінде білетін боларсыз. Газет оқырманы мен өзіңіздің сүйікті тыңдарманыңызға бұл қызық.***

– Менің анам Магинас – Қазанның тумасы. Ашаршылық нәубеті біздің де халықты айналып өтпеді. Әкесі мен шешесінен ерте қалған анам үлкен ағасы Хакимолланың қызына бас-көз болды. Нағашым Хакимолла әйелі өлген соң, 50 жылдары Қарағандыға тың игеруге келеді. Жұмыс жасап жағдайы оңалған соң анама қызын әкелуді өтінеді. Қазақ жеріне келген анамның да бағы ашылып, өмірлік жары Шайхуланы кезіктірді. Әкем құрылысшы мамандығын алғаннан кейін Челябинскіден Қарағандыға жолдамамен келіп, жұмысқа араласқан ед. Көп ұзамай әкемнің де отбасы Петропавлға қоныс аударды. Қазақстан олардың қай-қайсының болсын екінші Отанына айналды. «Қай жерде жан рахатын тапсаң, сол жер сенің үйің» демей ме?! Тамырын тереңге жайған біздің әулет қазақ жерінде көктеді, көбейді. Сондықтан, біз үшін Қазақстан – жердегі жұмақ.

***– Сіздің Шәмшінің әндерін тамылжыта орындайтыныңызды білеміз. Қазақшаны қайдан үйрендіңіз?***

– Мен Қарағанды қаласында туып-өстім. Көп қабатты тұрғын үйде тұрдық. Онда қазақ та, орыс пен кәріс те көршіміз болды. Өте тату тұрдық. Магинас деген есімді айтуға қиынсынған көрші-қолаң анамды Мәрия дейтін. Олардың бәріне тәтті бәліштерді пісірудің қыры мен сырына баулыған анам қазақтың да кәде-жоралғыларын, ұлттық тағамдарын үйреніп алды. Осылайша, біз де қазақ халқының тұрмысына үңіліп, тілін түсіне бастадық. Қазақ тілі біздің тілге ұқсас келгенмен, біразға дейін өз ойымды жеткізе алмай, сөйлеуге қысылатын едім. Алайда, хореограф мамандығы бойынша училище бітіріп, мәдениет бөлімінің жолдамасымен филармонияға жұмысқа тұрғанда қазақ тілінде сөйлегенім былай тұрсын, ән де шырқап кеттім. Қазақ тілінде таза сөйлеуіме әріптестерімнің көп көмегі тиді. Сонымен қатар, қазақтың иісі аңқыған ауылдың да маған бергені мол. Жақсыкелді Сейілов бастаған Береке Көшенов, Ғалым Мұхамедин әнші ағаларыммен айлап үй көрмей ауыл-аймақты аралап, гастролдеткенде тілім әбден жаттықты. Олар мақалдап елді аузына қарата сөйлегенде орамды ойларын ойға тоқуға тырыстым. Жақсыкелді ағаның татар тілінде жақсы сөйлейтіні есіме түсіп отырғаны. Береке ағам татар өлеңдерді нақышына келтіріп орындағанда, шіркін, құлақтың құрышын қандырады. Міне, кіл жақсылар мен жайсаңдардың жанында жүріп қазақ тілді татар болдым. Қазақ тілі – менің ауызекі тілім. Жұмыста да, дүкенде де, тіпті Татарстанда да қазақша сөйлеймін. Ондағы бауырларым қазақша сөйлеші, Роза мен Бибігүлдің әндерін салшы деп қолқа салады. Немерем Алан да – қазақ тілді.

***– Тарихи Отаныңызға оралу ойы болды ма?***

–Менің кіндік қаным тамған жер – Қазақстан. Сондықтан, Отанымнан алшақ кету менің ойымда мүлдем болмапты. Ара-тұра Қазан мен Уфадағы туыстарыма қонаққа бара қалсам, үйге қайтқым келеді де тұрады. Сарыарқаның сары даласын аңсаймын. Бір қызықты айтайын, бізді, яғни Қазақстандағы татар диаспорасын тарихи Отанымызда «қазақтың татары» деп атайды. Мен қазақтай текті халыққа қандайда байланысым бар екеніне қуанамын, мақтанамын. Менің ұлтым татар болғанымен, жүрегім «қазақ» деп соғады.

***– Достық деген ұлы сөздің құдіретін қалай түсінесіз?***

– Сөзімді әріден, тарих қойнауынан сабақтайын. Нақты деректерге көз жүгіртсек, татар халқының алғашқы өкілдері Қазақстанға XVIII ғасырда қоныс аудара бастаған. Осы кезден бастап қазақтармен достық қарым-қатынасы жарасып, бас идірген бауырластықтың арқасында құда-құдандалы болысқан, іргесі ажырамайтын туыс атанған. Демек, тілінің ұқсастығы, дінінің ортақтығы өз алдына, бір-біріне деген ағайындықтың тамыр жаюы тереңнен басталады. Қазақ пен татар халықтарының рухани, мәдени құндылықтары мен салт-дәстүрлерінің өзара сабақтасып, қойындасып жатқанын да анық аңғаруға болады.



Қазақта «Екі құзғын таласса, бір қарғаға жем болар» деген сөз бар. Мұның астарына үңілсек, алауыздықтың түбі жақсылыққа апармайтынын меңзеп тұр. Сондықтан, біз, Қазақстан халқы, талай қиындықты бірге еңсерген, бір нанды бөлісе жеген аталарымыздың аманаттаған ауызбіршілігін бүгінгідей қой үстіне бозторғай ұялаған мына заманда жоғалтып алмай, көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Ынтымақтан ажырамағанда ғана ортақ үйіміз Қазақстан Республикасының дәулеті мен сәулеті артып, әлем елдері алдындағы абыройы мен беделі асқақтай бермек.

***– Бірлік пен ынтымаққа, берекеге бастайтын Қазақстан халқының бірлігі күнінде жерлестеріңізге қандай тілек-лебіздеріңіз бар?***

– 1 мамыр – Қазақстанда тұрып жатқан барша ұлттар мен ұлыстардың татулығы мен жасампаздығын төрткүл дүниеге паш ететін ұлық мереке. Тілі мен ділі, түрі басқа болса да тілегі бір түрлі этностарды қазақ жеріне деген сүйіспеншілік біріктіріп отыр. Осы ретте, менде біздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық, конфессияаралық келісімге сызат түспесін деген жалғыз дұға-тілек бар. Әрқашан елімізде бейбітшілік, достық пен халықтар арасындағы түсіністік салтанат құра берсін. Мереке құтты болсын, ағайын!

***– Уақыт тауып, сұрақтарымызға тұщымды жауап бергеніңізге рахмет!***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

**Газетіміздің келесі саны (№16 (8180) 2020 жылғы 8 мамырда шығатынын хабарлаймыз.**

ИГІЛІК – БАРШАҒА!

# ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІН ТҮСІНДІРДІ

**Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева тікелей эфирде брифинг өткізіп, тұрғындар сауалына жауап берді.**

– Әлемді жайлаған коронавирус пандемеясының Қазақстан территориясында таралуына орай елімізде төтенше жағдай жарияланды. Соған байланысты көптеген тұрғындар күнделікті табыс көзінен уақытша айрылды. Осыған сәйкес, мемлекет өз тарапынан халықты әлеуметтік қолдау шараларын жасады. Ең алдымен, ТЖ кезінде табысынан айрылғандар үшін тағайындалған 42 500 теңге көлемінде жәрдемақы тағайындалды. «Біз біргеміз» республикалық акциясы аясында Жезқазған қаласы әкімдігі «Birgemiz» және «Birgemiz – Karagandy» қоғамдық қорларымен бірлесе отырып, қайырымдылық көмекке мұқтаж жандардың 1-транш бойынша 6 санатын жіктеді. Бұл тізімге әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген көп балалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар, ең төменгі зейнетақы алатын және әлеуметтік жағынан осал топқа кіретін зейнеткерлер, жетім балалар және ҰОС қатысушылары мен оларға теңестірілгендер кірді. Олардың жалпы саны 1495 адамды құрады. Оларға 50 000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Ал 2-транш бойынша материалдық көмекке мұқтаж жандар саны 2804-ті құрады. Оған 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалары бар аналар, ең төменгі зейнетақы алушылар, ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілгендер мен тыл еңбеккерлері, ауған соғысы жауынгерлері мен Чернобыль АЭС-ін жоюға қатысушылар енді, – деді өз сөзінде Зина Жұманазарқызы.




Брифинг барысында Ләйлә Батырқызы биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетігі жетілдірілгенін айта келе, мемлекеттік көмек шаралары кешені туралы толыққанды мағлұмат беріп өтті. Қаламыз бойынша бұл жәрдемақыны 1291 отбасы алады. Наурыз айында 265 отбасы, яғни, 1171 адам жалпы сомасы 32 млн 858 мың теңге атаулы көмек алды.

Тікелей эфир барысында тұрғындар сауалының басым бөлігі 42 500 теңгелік мемлекеттік жәрдемақы жайында өрбіді.

– 42 500 теңге көлеміндегі көмекті ТЖ кезінде жұмысы тоқтаған барлық ел азаматтары, өз-өзін жұмыспен қамтушы жалдамалы қызметкерлер, орта және шағын бизнес өкілдері ала алады. Өтініштерді enbek.kz сайты немесе телеграм бот арқылы беруге болады. Бұған қоса, ТЖ кезінде халықты барынша қолдау шараларымен қамтамасыз ету мақсатында қосымша көмектер де көрсетілуде, – деген ол тұрғындарға жан-жақты көмектер қарастырылғанын жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КІДІРІС ЖОҚ

**«Akimatzhez» инстаграм парақшысы арқылы өтетін тікелей эфирге қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаев қатысып, төтенше жағдай кезіндегі қаланың тыныс-тіршілігімен бөлісті.**




– Қала бойынша енгізілген төтенше жағдайға байланысты тұрғындардың бейсауыт жүріп-тұруына тыйым салынады. Адамдар көп жиналатын орындарға бармаған дұрыс. Азық-түлік дүкендерінде және дәріханаларда бір-бірлеріңізден 2 метр қашықтықта болыңыздар. Қауіпті derттің таралуының алдын алу мақсатында қала көшелеріне залалсыздандыру шаралары жүргізілуде. Қалада жалпы 92 аялдама бар. Аялдамалар күніне екі рет, ал, қалаішілік автобустар әр айналым сайын залалсыздандырылады. Жезқазғандағы 3 парк пен 23 сквер жабылды. Арнайы белгіден асып, бұл орындарға барған тұрғындарды айыппұл және 5-15 күн аралығында қамауға алу жазасы күтіп тұр. ПИК үй кіреберістеріне де заласыздандыру шаралары ұйымдастырылды. Қоқыс жәшіктері де күнделікті тазаланып тұр, – деді қала әкімінің орынбасары өз сөзінде.

Қаладағы төрт өтпе жолдың (көпір) жабылуына байланысты теміржол мен әуежай маңына қарай көлік қатынасының шектелгенін айтқан ол № 14, № 20 бағыттағы автобустардың әр жарты сағат сайын жүретіндігін еске салды. Тікелей эфир барысында Қайрат Бапанов көпке маза бермей жүрген коммуналдық қызметтерге төленетін 15 000 теңгенің I, II, III-топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар мен көп балалы отбасыларға, Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және оларға теңестірілген адамдарға, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқару кезінде қаза тапқандардың отбасыларына және төменгі және одан аз зейнетақы алатын зейнеткерлер мен атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар, соның ішінде жалғыз басты зейнеткерлерге берілетіндігін айтты. Аталған көмекке құжат жинау жалғасуда.

Тікелей эфир барысында қаланы көгалдандыру, жасыл желектерді зиянды жәндіктерден қорғау мақсатында дәрілеу жұмыстарының қашан басталатынын сұрадық. Дәрілеу мекемесінің арнаулы хабарламасын күтіп отырғандығын айтқан Қуанышбек Сансызбаев жасыл желектер түбін ақтау, дәрілеу жұмыстарын бастау 1 мамырға қарай жоспарланып отырғанын жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# МОБИЛЬДІ ТОП

***тұрғындарды тыңдады***

**Қаламызда жұмыспен қамту орталығы мен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен тұрғындарды көшеде қабылдау шарасы өтті. Б.Момышұлы үйі ауласында тұрақтаған мобильді қабылдау көлігіне келген тұрғындар сұрағының көбі төтенше жағдай кезінде табысынан айрылған тұлғаларға берілетін 42 500 теңге жәрдемақы жайында қойылды.**



Тұрғындардың бірі автовокзалдағы жұмысының төтенше жағдайға байланысты уақытша тоқтағанын айтып, соған сай жұмысы арқылы жәрдемақыға өтініш бергеніне бір ай өтсе де, есепшотына ешқандай ақша аударылмағанын айтып шағымданды. Бұл мәселеге қатысты мамандар желіде ақау немесе жеке мәліметтерде қате кетуі мүмкіндігін ескертіп, enbek.kz немесе телеграм бот арқылы жаңадан өтінім тапсырып көруді ұсынды. Өзін III топтағы мүгедек ретінде таныстырған келесі тұрғын мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыға өзінің үміті екенін білдірді. Аталған мәселе бойынша мамандар өз-өзін жұмыспен қамтушы ретінде белгілеп, Бірыңғай жиынтық төлемді төлеп, министрлік тарапынан келетін арнайы хабарламаны күтуді ұсынды.

Тұрғындар қызығушылық танытқан сұрақтардың бір бөлігі «Nur Otan» партиясының 50 000 теңгелік және коммунальдық қызметті өтеуге бағытталған 15 000 теңгелік көмек туралы болды. Мамандар 50 000 теңгелік көмектің бірінші легінің тізімі дайындалып жөнелтілгенін, қазір сәуір айының соңына дейін екінші кезең құжаттары жиналып жатқанын жеткізді. Бірінші кезекте көп балалы аналарға берілетін бұл көмек тек бір-ақ рет көрсетілетіндігін білген абзал. Сондай-ақ, коммунальдық қызметтерге арналған 15 000 теңгелік қаржылай қолдауды тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің 77-63-66 байланыс телефоны арқылы толық мағлұмат алуға болатындығын атап өтті.

Бүгінге дейін қала бойынша 7000 тұрғын 42 500 теңге жәрдемақыға өтініш білдірген. Тұрғындар өтінімдерінің қабылданғанын не қабылданбағандығын жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің **76-33-23** байланыс телефонына хабарласып біле алады.

Жеке кәсіпкерлер, волонтерлар және мешіт тарапынан мұқтаж адамдарға беріліп жатқан азық-түлік көмегінің дұрыс таратылмай жатқандығына шағымданған қала тұрғыны әкімшілік тарапынан нақты анықтау жұмыстары жүргізілсе деген ұсынысын білдірді.

Сондай-ақ, жұмыс іздеген тұрғындарға жұмыспен қамту орталығының маманы **enbek.kz** сайтына бос вакансиялар тізімі жарияланғанын, карантин кезінде үйден шықпай-ақ бос жұмыс орындарына өтініш білдіруге болатындығын жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# 15 МЫҢ ТЕҢГЕ

***коммуналдық шығындарды өтеуге беріледі***

**Коронавирус инфекциясын тоқтату мақсатында енгізілген төтенше жағдай мен карантиндік режим кезінде мемлекет әлжуаз топтағы тұрғындарды қолдаудың жолдарын қарастырып, нақты шешімдер қабылдады. Соның бірі – республикалық бюджет қаржысынан қарастырылған коммуналдық шығындарды өтеуге бағытталған 15 мың теңге көлеміндегі көмек.**

Аталмыш көмек түрі I, II және III топтағы мүгедектерге, ҰОС мүгедектері мен ардагерлеріне, сондай-ақ, оларға теңестірілген тұлғаларға, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар мен көп балалы отбасыларға, ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге, мемлекеттік және қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарышқа ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына, АӘК алатын азаматтарға, оның ішінде жалғыз басты зейнеткерлерге беріледі. Қарағанды облысында осы санатқа жататын 118 мың адам бар болса, Жезқазғанда 10 мыңнан асады. Коммуналдық көмек тек өтініш берген тұрғындарға берілетінін ескерген жөн. Бүгінше тізімге 231 тұрғын енгізілді. Жауапты мекеме қазір көмек алатын тұрғындардың тізімін жасақтап жатыр. Көмекті алудың басты талабы – коммуналдық қызмет көрсету ұйымында тұтынушының дербес шотының болуы.

Төлем сомасы коммуналдық қызмет үшін есептелетін шот мөлшеріне тәуелді болмайды. Яғни, әлеуметтік санатқа жататын тұрғындарды барлығына 15 мың теңге аударылады. Нақтырақ айтсақ, 15 мың теңге ауылда тұрып жарық пен суға 5 мың теңге төлейтінге де, қалада тұрып коммуналдық қызметтерге 18-20 мың жұмсайтын тұрғынға да бірдей үлестіріледі. Ол үшін жезқазғандықтар және бізге тиесілі Талап, Малшыбай мен Кеңгір селосындағы коммуналдық көмекті алуға мүдделі тұлғалар Жезқазған қаласының тұрғын үй коммуналдық шарушалығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің **77-63-66** жұмыс телефонына немесе жауапты мамандар Гүлдана Омарованың **8771-473-82-92,** Саидина Басықараеванның **8771-473-65-54** ұялы телефонына хабарласу шарт.

Төлемді аудару үшін коммуналдық қызмет көрсету шарты және өтініш берушінің атына рәсімделген коммуналдық кәсіпорындағы абоненттік жеке шоты болуы қажет. Оның нөмірін өтініште көрсету керек. Өтініш толтырған соң, суретке түсіріп, оны жоғарыда көрсетілген нөмірлердегі WhatsApp-қа немесе **jkh_zhez@mail.ru** электрондық поштасына жіберу қажет. Содан кейін жауапты мамандар оны коммуналдық кәсіпорындардың деректер базасымен салыстырады, жеке шоттың бар-жоғын тексереді.

Сәуір айында пайдаланған коммуналдық қызметтердің төлем шоттары тұтынушыларға мамыр айының басында келеді. Төлемді екі айға алу үшін өтінішті екі рет – мамыр мен маусымда беру қажет.

**Бота ШАЛҚАР**

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫ» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ОНЛАЙН КЕҢЕСТЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы идеологиялық жұмыстың негізгі бағыты ретінде үнемі күн тәртібінде болуы тиіс. Осы орайда өткен үш жылда атқарылған игі жобаларды жемісті жалғастыруымен қатар, бағдарламаның нағыз халықтық мәнін ашып, тың жобаларды іске қосу, жұмысты жаңа форматта ұйымдастыру маңызды. Бұл туралы Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал НҮКЕНОВТІҢ төрағалығымен өткен онлайн кеңесте айтылды, деп хабарлайды облыс әкімдігінің баспасөз қызметі.**

«Zoom» форматында ұйымдастырылған кеңеске облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Бекзат Алтынбеков, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысы Ерлан Құсайын, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің басшысы Айтбай Жұмағұлов, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсахан Бейсембекова, Saryarqa Aqparat ЖШС директоры Қамбар Ахметов, облысымыздың барлық қала, аудан әкімдерінің орынбасарлары, облыстық басқарма басшылары, жоғары оқу орындары проректорлары қатысты.

– Ақпан айында облыс әкімінің қатысуымен өткен жиналыста «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жұмысын күшейту, бағдарламаны жан-жақты жүзеге асыру жайында тапсырмалар берілген болатын. Біз бүгін сол мәселелердің қалай шешіліп жатқанын қарастырып, алдағы жоспарларды талқылаймыз, — деген А.Нүкенов бағдарлама аясындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталып өтті.

Бұдан әрі сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын 2019 жылғы жұмыстың нәтижесіне талдау жасап, алдағы уақытта назарға алынуға тиіс мәселелер туралы айтты. Бағдарлама жұмысын қарқындату үшін тың идея, жаңа жобалар, жалпы жұмыстың жаңа форматын іздеу қажеттігін алға тартты.

Айта кету керек, қазір облыста бұл бағытта бірқатар жұмыстар қолға алынған. Облыс әкімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша штаттан тыс кеңесшісі болып Бекзат Алтынбеков бекітілді және облыстық жобалық кеңсенің басшылығына Айтбай Жұмағұлов тағайындалды. Жобалық кеңсе «Saryarqa aqparat» медиахолдингі құрамына енгізіліп, кеңсе жұмысында мазмұндық өзгерістер болды. Қазіргі күні штаттық құрылымы нақтыланып, кадрлық құрам толықтырылу үстінде.

Келесі кезекте сөз алған жобалық кеңсе басшысы Айтбай Жұмағұлов жыл басынан бері жүзеге асырылып жатқан және алдағы уақытта іске қосылатын жобалармен таныстырды.

Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов барлық аудан-қалалар бағдарламаның орындалуына белсенді қатысуы қажет екенін атап айтты.

Кеңес жұмысына қатысушылар ұлт руханиятының шынайы жанашыры әрі нақты қолдаушысы Бекзат Алтынбековтің оралымды ойлары мен орнықты пікірлеріне де қызыға құлақ түрді.

Бұдан бөлек, жиын барысында «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова бағдарламаға арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстырды.

Сонымен қатар, жиын барысында Мәдениет, архив және құжаттама басқармасы басшысы Еркебұлан Жұмекенов облыста «Қазақстанның киелі географиясы», «Дала фольклоры мен музыкасының 1000 жылы», «Ұлы дала есімдері. Қарағанды облысының көрнекті тұлғалары» және басқа да маңызды жобалардың аясында атқарылған жұмыстарды баяндады. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының қалай жүзеге асып жатқаны туралы экономика басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Әбішева айтып берді.

**«Saryarqa-ақпарат»**

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

# САҚТЫҚ ШАРАСЫН КҮШЕЙТТІ

**Жезқазған мыс зауыты әкімшілігі де коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында зауыт аумағындағы қауіпсіздік шараларын күшейтті.**



Бір ауысымда мың жарым адам еңбек ететін зауыттың медициналық қызметкерлері мен күзеті қазір қауырт жұмыс үстінде. Әр ауысымға келгендер зауыт аумағына кіреберістен тексеріліп, тиісті нұсқаулық алады. Зауыт басшылығы санитарлық, дезинфекциялық шараларды да дер кезінде қолға алып, әкімшілік ғимараттар, жұмыс орындарын қажетті құралдармен жабдықтаған.

– Медициналық қызметкерлер ең алдымен әр ауысымға келген жұмыскерлерді тексеріп, дене қызуын өлшейді. Зауыт аумағында екі оқшаулау бөлмесі дайын тұр. Бірі әкімшілік ғимараттың кіреберісінде. Ол бөлмеге ауысымға келгендердің ішінен қызуы көтерілген және жақын уақытта шет елге, көрші облыстарға барып келген адам анықталса, жедел жәрдем келгенше оқшауланады. Екінші изолятор ғимараттың ішінде. Онда жұмыс барысында күдік туған науқастар болса, соларды оқшаулаймыз. Санитарлық бөлімнің жұмысына керек құралдар, басқа да дезинфекциялық құралдар жеткілікті. Жұмыс қалыпты жағдайда жүріп жатыр. Басты мақсат – инфекцияның таралуына жол бермеу, – дейді зауыттың денсаулық пункті меңгерушісі Ботагөз Тобағабылова

# ТӘРТІП – ОРТАҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Қала тұрғындары әлі де болса карантин талаптарын қаперге алмай, халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында уақытша енгізілген шектеулерді орындағысы жоқ. Ескертуден айыппұл салу, әкімшілік қамауға алу сынды қатаң шараларға көшкен полиция қызметкерлерінің жұмысы көбеймесе азайған жоқ.

Таңның атысынан кештің батысына дейін қала көшелерін, тұрғын үйлердің аулаларын аралаған тәртіп сақшылары «үйлеріңізге кіріңіздер» деп дауыстап жүр. Балалар жағы тым-тырақай жан-жаққа қашып, қызық көрсе, үлкендер «төрт қабырғаға қамалдық» деп күңкілдеуде. Тұрғын үйдің ауласын былай қойғанда кіреберістері қызыл лентамен байлаулы тұрған саябақтардың өзінде қыдырып жүрген жезқазғандықтарды көруге болады. Жезқазған қаласының мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Оңал Байгожинаның 17 сәуірдегі №8 Қаулысына сәйкес адам көп шоғырланатын саябақ пен скверлер, сонымен қатар балалар ойын алаңдары өз жұмысын тоқтатқан. Аталған жерге бару әкімшілік құқық бұзушылық болып саналады. Күні бүгінге дейін «Ғарышкерлер» бульвары мен «Наурыз» саябағында серуендеген 7 азамат анықталған. Олардың екеуі 5 тәулікке әкімшілік қамауға алынса, өзгесі 27 мың теңге айыппұл төлеуге міндеттелді.

«Жезқазғандықтар елімізде енгізілген карантиндік режим барша қазақстандықтың ортақ қауіпсіздігі үшін екенін терең түсінсе деймін. Бүгінгі таңда полиция қызметкерлерінің тұрғындарға «үйге кіріңіздер» деп ескертуден басқа да маңызды шаруалары бар. Сондықтан, бір-біріміздің алтындай уақытымызды босқа кетірмей, бір-бірімізге сыйластық танытайық. Сонда біз мына қауіпті дертті жеңе аламыз» деген Жезқазған полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары Аманжол Кәрімов жезқазғандықтарды заңға бағынуға шақырды. Сондай-ақ, енді тұрғындарға ескерту айтылмай, бірден қатаң шаралар қолданылатынын жеткізді.

**Өз тілшіміз**

ЕЛ және ЕЛБАСЫ

# ХАЛЫҚТЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

***Шынайы демократия негізінің қалануы***

Қарағанды қаласының орталығы 105-ші Лениндік сайлау округі бойынша Жоғарғы Кеңес депутаттығына кандидаттыққа түстім. Қарсыластарым 4 кандидат болды, олардың ішінде Қазақстан Компартиясы Саяси бюросының мүшесі, Қазақ КСР Халық Бақылауы комитетінің (осындай маңызы жоғары бақылаушы ұйым болған) төрағасы Б.Исаев та бар еді. Айтпақшы, ол кісі бір кездері Қарағанды қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет еткен болатын. Дегенмен маған сайлауда жеңіп шығу бұйырыпты! Қарағанды қаласында орыстардың саны 90%-дан астам кездің өзінде. Менің бағдарламам қысқа әрі бүгінгі күннің межесімен қарайтын болсақ, тым қарапайым болатын: Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігі және бүкіл қоғамды партиясыздандыру (яғни КОКП монополиясынан бас тарту және көппартиялылықты енгізу).

Халық менің бағдарламамды қолдады, өйткені жұртшылық жаппай экономикалық тапшылықтан, кемшілігі күннен күнге байқалған коммунистік идеологиядан әбден шаршаған еді, нарықтық реформалар мен саяси өзгерістерді күткен болатын. Бүкіл елімізде осындай жағдай қалыптасты. Мен Парламентке келіп көптеген пікірлес адаммен қуана кездестім, біз «Демократиялық Қазақстан» депутаттық фракциясын құрдық. Президент Назарбаев бізбен жиі кездесіп тұрды, көптеген адамның – Марат Оспановтың, Петр Своиктің, Сағат Түгелбаевтың, Виталий Вороновтың және т.б. қызметін өсірді. Жалпы, Н.Назарбаев 1990-1993 жылдар аралығында Парламентке өте жиі келіп, сөз сөйлейтін және өзі де мықты саяси мектептен өтті. Шынында, шынайы демократияның дәл сол кезде негізі қаланды. Демократия – халық билігі. Халық осы кезде адал әрі бәсекелес түрде өткен сайлауда 365 депутатты сайлап алды және мұндай Парламентпен атқарушы билік санасуға мәжбүр болды.

***Елбасы***

Н.Назарбаев демократиялық құндылықтарға – нәтижесі шындыққа алып келетін дауларға, пікірталастарға, саяси тартыстарға жедел әрі әділ баға беретін. Ол кісі мұндай бағалауды КСРО Халық депутаттары съезінің мінберінде сөйлегеннен бастады, осылайша 1989 жылдың мамыр айында Кеңес Одағының танымал, белді саясаткерлерінің біріне айналды. Нұрсұлтан Әбішұлы халық қолдайтын саяси қайраткердің саяси салмағы билік тағайындайтын шенеуніке қарағанда мүлде басқаша болатынын, мұндай саяси салмақ мақсатқа қол жеткізудегі уәждері ерекше болатынын түсінді. Н.Назарбаевтың көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде өзіндік қайталанбас қолтаңбасы мен стилі қалыптасты, ол кісінің сөздері жаңаша өзгерістерді қалаған демократтарға да, кеңестік-коммунистік жүйені сақтап қалғысы келген партия бюрократтарына да ұнады.

1989-1991 жылдар аралығында КСРО-ны сақтап қалу үшін жанкешті тайталас жүріп жатты. Осы орайда көпшіліктің назары жүзінен қуанышты үміт күттіретін шуақ төгіп тұрған Нұрсұлтан Назарбаевқа ауды. Өйткені Н.Назарбаевтың бағдарламалық ұстанымдары өте айқын әрі түсінікті еді: нарықтық реформалар жасау керек, істен сөзге көшу қажет, бірақ бірден еліміздің халықшаруашылық кешенін жоюға болмайды, шаруашылықаралық байланыстарды ойланбастан үзуге болмайды.

Н.Назарбаев сол кезге дейін шамамен 20 жыл нақты экономика және өндіріс мәселелерімен айналысты және оқиғаның сол кездегі дамуы неге апарып соқтыратынын өте жақсы білді және мұны ашық түрде ескертті. Өкінішке қарай солай болды. Осы кезеңде бұрынғы одақтық республикалардың барлығы өздерін тәуелсіз жаңа мемлекет деп жариялаған болатын, алайда өмір сүру деңгейі барлық жерде күрт төмендеп кетті. Мысалы, 90-жылдардың орта шенінде Қазақстанның ІЖӨ-сі 40%-ға төмендеді. Мұндай жағдай Ұлы Отан соғысы жылдары кезінде ғана болған екен. Жағдай өте-мөте ауыр еді, қазіргіге қарағанда, тіпті, жер мен көктей десек те артық болмас, алайда Н.Назарбаев мемлекет кемесінің тізгінін қолында нық ұстады. 1994 жылдың күзінде бүкіл кәсіпорын тоқтап қалған кезде қазына бос болды, жалақы мен зейнетақы үнемі кешіктірілді. Осы кезде Н.Назарбаев нық сеніммен: «Мен нарықтық реформаның жемісті болатынына кәміл сенемін, бұл үшін бәріне дайынмын, ештеңеден де тайынбаймын» деді. Айта кететіні: осы 1994 жылы Назарбаев «Болашақ» бағдарламасын жариялады. Нұрсұлтан Әбішұлы болашақты көре білді. Саясаткер алдағы болатын сайлауды ойлайды, мемлекеттік қайраткер келешек ұрпақты ойлайды деп тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ширек ғасыр өтті, мыңдаған болашақтық Үкіметте, әкімдіктерде, ұлттық компанияларда, бизнесте және т.б. салаларда еңбек етуде.

***Бітімгерлік бастамалар***

Қазақстанның Тәуелсіздік алған 29 жыл ішінде жеткен жетістіктері мен табыстарына тоқталып жатпайын. Оларды бүкіл жұрт біледі. Әрине, кемшін тұстар да, сынға алатын тұстар да жоқ емес. Егер Н.Назарбаевтың соңғы ширек ғасырда көпшілік алдында сөйлеген сөздеріне зер салсақ, онда кез келген адам Н.Назарбаевтың өзінің әрдайым дәйекті әрі негізді, дәлелді сыншы болғанына көз жеткізеді. Әсіресе Үкімет пен әкімдіктерге, жалпы билікке қатысты әрі нақты, әрі жан-жақты сындар айтылғанын көреміз. Ең бастысы, Н.Назарбаев Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропалық одақ сияқты ұлы державалар санасатын, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан сияқты жақын көрші елдермен тамаша қарым-қатынас орнатқан қазіргі заманауи Қазақстанды, мықты әрі тиімді мемлекет құрғанын баса айтқым келеді. Бүкіл әлем біздің еліміз өзінің тарихында алғаш рет ең беделді әрі қуатты халықаралық ұйым – Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақсыз мүшесі сайланған кезде БҰҰ-да Қазақстан үшін үш жыл дауыс берді.

Н.Назарбаевтың барлық бітімгерлік бастамалары бір мақсатқа ғана – Қазақстанды халықаралық аренада беделді елдердің біріне айналдыруға, Мәңгілік ел іргетасын қалауға бағытталды. Н.Назарбаевтың көпвекторлы сыртқы саясатының және барлық ірі халықаралық іс-шараларды, оларды атап айтсақ – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі, Сирия бойынша Астана процесі, ЭКСПО, Азиада және т.б. – мәні де осы еді.

Біз нағыз нарықтық реформалар жасадық, еліміздің территориясын сақтап қалдық, қауіпті әлеуметтік және саяси күйзелістерден аман қалдық – мұның бәрі көпшілікке аян. Бірақ мұның бәрі ненің арқасында жүзеге асты? Басымдыққа не негіз болды? Бұған негіз болған факторлар көп. Қазақтың менталитеті де, Н.Назарбаев белгілеген саясат та. Алайда Қазақстанның орнықты, тұрақты әрі эволюциялық жемісті дамуының ең басты әрі маңызды факторы – көпэтносты Қазақстан халқының БІРТҰТАСТЫҒЫ. Нағыз қазақы болмысқа тән БІРТҰТАСТЫҚ елімізде тұратын барлық этносқа берілді. БІРТҰТАСТЫҚТЫҢ арқасында қаһарман қазақ халқы аумағы жағынан әлемде тоғызыншы орындағы ауқымды жерді (2 миллион 724 мың шаршы шақырым) сақтап қалды. Батыс саясаткерлері бірауыздан мына тұжырымға келді: «Назарбаев – кемеңгер. 1989 жылы, ол елді басқарған кезде Қазақстанда қазақтардың саны 39% ғана болатын. 30 жылдан кейін қазақтар 70%-дан асты және Қазақстан мықты әрі беделді мемлекетке айналды. БІРТҰТАСТЫҚТЫҢ көрінісін 1990 жылдың сәуір айында, Жоғарғы Кеңестің 365 депутатының Назарбаевты Қазақ КСР-нің Президенті етіп сайлағанынан байқаймыз».

БІРТҰТАСТЫҚТЫҢ айқын дәлелі, 1991 жылғы 1 желтоқсанда қазақ халқы өз тарихында тұңғыш рет Мемлекет басшысын сайлау арқылы таңдау мүмкіндігіне ие болды. Рас, сайлауда бәсекелес болмады, алайда мемлекеттік және саяси элита КСРО ыдыраған кезде қалыптасқан қиын да үрейге толы жағдайда электоралды БІРТҰТАСТЫҚҚА сусаған болатын. БІРТҰТАСТЫҚ құбылысы 1995 жылғы 29 сәуірде, бүкіл халық Президент Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартуға дауыс бергенде көрінді. БІРТҰТАСТЫҚ осы жылдың 30 тамызында жалпыхалықтық референдумда Елбасы ұсынған Конституцияға дауыс бергенде байқалды. Ол кезде жаңа Конституцияның жобасына «ИӘ» немесе «ЖОҚ» деп жауап беру қажет болатын, халықтың басым көпшілігі «ИӘ» деп жауап берді!

***Парламентаризм және демократия***

Алайда демократия дегеніміз – саяси плюрализм, яғни әртүрлі көзқарастардың тоғысы, көппартиялылық, соның ішінде, міндетті түрде оппозиция да бар. Қазақстанның жаңа тарихында қиын кезеңдер болды. Мысалы, 1999 жылдың қаңтар айындағы мерзімінен бұрынғы президенттік сайлау. Ол кезде Н.Назарбаевтың қарсыласы – өте айбарлы да абыройлы марқұм Серікболсын Әбділдин болды. Соған қарамастан, сайлаушылардың 80%-ы Н.Назарбаевты қолдады. Десек те, Н.Назарбаевтың саяси табысының шыңы 2004 жылғы 4 желтоқсандағы Президент сайлауы деп есептеймін. Ол кезде бүкіл қазақстандық оппозиция бірігіп, бір ғана үміткер Жармахан Тұяқбайды ұсын-ды. Үшінші желтоқсанда, кешке жақын кездескенімізде, Н.Назарбаевтың қалай қобалжығаны есімде. Ол кісі жеңетініне күмәнданған жоқ, алайда ол кісіге ең алдымен халықтың БІРТҰТАСТЫҒЫ аса қымбат болды. Егер Англияда консерваторлар 51%, ал лейбористер 49% жинаса, онда ешқандай соғыс болмайды, өйткені британ парламентаризмінің жұмыс істеп келе жатқанына 750 жыл (алғашқы парламент отырысы 1265 жылы өтті). Алайда Қазақстанда немесе Ресейді қоса алғанда, бұрынғы кеңестік елдің бірнешеуінде мұндай жағдай саяси қарама-қайшылыққа, халық пен қоғамның ымыраға келмейтін екі лагерьге бөлінуіне алып келуі әбден мүмкін еді. Сондықтан дәстүрдің, парламенттік тарих пен тәжірибенің болмауына байланысты мұның бәрі еліміздің үдемелі дамуын тежеуі немесе тоқтатуы ықтимал болатын.

1995 жылы наурыз айында Парламент неге таратылды? Рас, Конституциялық соттың шешімі шықты. Дегенмен басты себеп Парламент жұмысының тиімсіздігі болды. Бір жыл ішінде бар-жоғы 7 заң ғана қабылданды, жекешелендіру, нарықтық реформа жұмыстарын жүргізу қажет болатын, жүздеген жаңа заң және нормативтік-құқықтық акті шығару керек еді.

Демократияның жақсы жақтарымен қатар келеңсіз тұстары да бар. Демократияны көбінесе популистер мен демагогтер өз мақсаттарына пайдаланады. Мұны айтып жатудың өзі артық! Гитлер Германия билігіне 1933 жылы сайлау арқылы келді. Дегенмен бұл дүние жүзінің қасіретіне айналды! Бүкіл әлем сайлаушыларының басым көпшілігі әсіре қамқоршыл ұстанымға бейім – мемлекетті сауын сиыр ретінде түсінеді. Уинстон Черчилль бірде былай деген екен: «Демократияға қарсы ең күшті аргумент – орташастатистикалық сайлаушымен бес минут әңгімелесу».

Сондықтан Н.Назарбаевтың үкіметпен бірлесе қоян-қолтық жұмыс істейтін Парламент болуын қалағаны түсінікті. Міне, сондықтан да 2007 жылы «Отан», «Асар», Азаматтық және Аграрлық партиялары Nur Otan партиясына бірігіп, еліміздің басым саяси күшіне айналды. Мұнда тағы да БІРТҰТАСТЫҚ көрініс берді. Әрине бұл жерде басқа мәселенің туындағанын жасыра алмаймыз: атқарушы билік заң шығарушы және өкілетті биліктен тым басым болды. Алайда қазіргі кезде парламентаризмді күшейту мәселелері аса маңызды болып отыр. Парламенттің рөлі нағыз сапалы деңгейге 2021 жылы жетеді деп ойлаймын. Президент Қ.Тоқаев бұл мәселе бойынша өзінің айқын көзқарасын атады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы оппозиция Парламентке енуі тиіс деп мәлімдеді.

***«Кемедегінің жаны бір»***

Демократия дегеніміз – сөз бостандығы, дау-дамай, пікірталас, түрлі партиялардың билік үшін сайлаудағы тартысы. Бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігі оңтүстікамерикалық және шығысеуропалық ең озық құқықтық нормаларды тәжірибелеріне енгізіп, іле-шала демократия жолына түсті. Алайда бұл азаматтық қақтығыстар мен соғыстарға, ұлтаралық дау-дамайларға, территорияларынан айырылуына және созылған саяси дағдарыстарға алып келді және бұл экономика мен өмір сүру деңгейіне теріс әсер етті (Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения, Грузия, Украина).

Ресейдің өзі де 1993 жылы қазан айында танктер парламентті атқылаған кезде азаматтық жанжал туындаудың сәл алдында болды. Қазақстанда Н.Назарбаев бүкіл саяси үдерістерді, соның ішінде электоралды процесті бақылауға алуға шешім қабылдады. Дәл сол тұста осы қадамға басқа балама жоқ еді.

Мұнда маңызды екі фактор біртұтас процеске бірікті: халықтың БІРТҰТАСТЫҒЫ және өз халқының арман-тілектерін, мүддесін, еңбек адамының өмірін жақсы білетін, осы халықтың өзінен шыққан Н.Назарбаевтың жеке тұлғасы. Алайда ең бастысы, демократия дегеніміз – бай әрі ауқатты, дәулетті адам-дардың, жекеменшік иелерінің, шағын және орта бизнес иелерінің көп болуы, бір сөзбен айтқанда, орта топтың көптігі. Қазақстан осы жолмен бағыт алды және қазақстандық кеме барлық суасты рифтеріне, қауіпті жартастар мен құздарға соғылмай аман өтті. Бұл жерде Қазақстанды кемемен салыстыруыма орынды себеп бар. Жуырда Елбасы коронавирусқа және әлемдік эконо-миканың құлдырауына байланысты өзінің халыққа Үндеуінде: «Кемедегінің жаны бір» деп дәл атап көрсетті.

***Президенттік институт***

Қазіргі кезде коронавирус туралы көп айтылып жатыр, біздің төтенше жағдайда өмір сүргенімізге үшінші аптаның жүзі болды. 2020 жыл тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең күрделі жыл болады деп ашық айтуымыз керек. Франция президенті Макрон соғыспен салыстырған өте ауыр дағдарысты еңсеру үшін не нәрсеге арқа сүйеуіміз керек? Меніңше, тағы да сол халықтың БІРТҰТАСТЫҒЫНА және еліміздегі бірден-бір беделді институт – күшті президенттік билікке.

Мына жайтқа баса назар аударыңыздаршы. Ғаламторда және әлеуметтік желілерде әртүрлі саяси оппоненттер, саяси экстремистер, түңілген және күйзелген қарапайым адамдар не деп жатқанын қараңыздаршы. Шынында олар халықтың БІРТҰТАСТЫҒЫН бұзуға ұмтылуда және сонымен қатар президенттік институтты жойып, оны парламенттік республика билігімен ауыстыруға шақыруда. Қолымды жүрек тұсыма қойып тұрып, ақыл-есімнің толық дұрыстығына сендіре отырып, бүкіл елге мынадай мәлімдеме жасаймын: ПРЕЗИДЕНТТІК ИНСТИТУТТЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫНАН АЙЫРЫЛУ – Қазақстанның тәуелсіздігінен толықтай айырылуы, бейберекетшілік, құлдырау, ұлтаралық және өңіраралық қақтығыстар, жалпыхалықтық аласапыран.

Пандемия және әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыс жағдайында президенттік институтты барынша нығайтуымыз, Президент Қ.Тоқаевтың айналасына топтасуымыз керек. Елбасы халықты осыған шақырды. Мемлекет басшысы елімізді құтқару үшін теңдессіз шаралар қабылдады. Бұл шаралар бәрімізге белгілі және бүкіл халық пен қоғамның көңілінен шығып отыр. Алайда мені Төтенше жағдай кезінде билікке қарсы шығуға шақырған көптеген арандатушылық үндеу (көбінесе ғаламтор арқылы кең тарайды) таңғалдырады. Арам ойлы, саяси сауатсыз адамдар еліміздің жоғары басшылығының кетуін талап етуде. Бұған мән бермесе де болар еді, алайда тіпті дамыған елдердің өздері (АҚШ, Италия, Франция, Германия және т.б.) қазіргі кезде соғыс жағдайындағы сияқты әрекет етуде. Біз де шындықтың жүзіне тура қарайық, ағайын. Қауіпті әрі көзге көрінбейтін жау ғаламшарымызға, оның ішінде Қазақстанға да төніп тұр. Әлі де не болғанын түсінбей, өздерін бейқам ұстап жүргендер көп, ауруханаға жатқызып, ӨЖТ (өкпені жасанды тыныстандыру) аппаратын қосқанда (Құдай сақтасын!) ғана түсінетін болар. Ең асыл құндылық – адамның өмірі. Сондықтан әлемнің барлық елінде бұрын-соңды болмаған шаралар қабылданып жатыр. Мұндай жағдай бүкіл жаңа дүниежүзілік тарихта болған емес. Әлемнің 30%-ға жуық тұрғыны өз үйлерінде оқшауланған, терезенің арғы жағында соғыс қимылдары жүріп жатқан сияқты. Әлемдік экономика алапат залалға ұшырауда. Бұл біздің экономикамызға да соққы беруде, әңгіме мұнай бағасының түсуінде ғана емес.

Биыл бізге мемлекеттігіміздің мызғымастығы мен азаматтық қоғам санасының кемелдігіне арналған ауыр емтиханнан өтуге тура келеді. Біз өзімізге және бүкіл әлем жұртшылығына өзіміздің – қазақ деген халықтың кім екенін дәлелдеуге тиіспіз: тұрғындармыз ба әлде халықпыз ба? 16 наурыздан бастап көпшілігіміз бұл сұраққа жауап бере бастағанымызға сенімдімін. Қазақстандықтар осы уақыт ішінде дәстүрлі заңға мойынсұнушылық, тәртіптілік, өзіне-өзі көмек көрсету қасиеттерімен қатар халық пен биліктің БІРТҰТАСТЫҒЫН көрсетті.

Бүкіл әлем қазіргі кезде Қытайдың коронавируспен күресудегі таңғаларлық табысын тамсана айтып жатыр. Мәселе Италияның, Испанияның және тіпті АҚШ-тың либералды демократиясына қарағанда авторитарлы Қытайдың осы күресте тиімдірек болғанында да емес. Қытайда халық пен биліктің БІРТҰТАСТЫҒЫ жасампаздық танытты, Хубэй провинциясында ондаған миллион адам орталық және жергілікті биліктің барлық ұсынымдары мен нұсқауларын бұлжытпай орындады. Керісінше, коронавирус жеке бостандық мүдделерін ұжымдық және қоғамдық мүдделен жоғары қойған жерде өршуде.

***Түйін***

Олай болса, бізге де өткен тарихымызға шолу жасап, бүгінгі жағдайды бажайлап, болашаққа көз тастап, негізгі, ұлт және мемлекетқұраушы құндылықтарымызды сақтап, соларды дәріптеу және дамыту жолында аянбай қызмет ету – азаматтық парызымыз.

Елбасы мен Мемлекет басшысы айналасына топтасқан, тізе түйістіріп, бас қосып ынтымақты тірлік еткен іс-әрекет қана елімізді асыл мұратқа жеткізетінін уақыт дәлелдеді.

**Ермұхамет ЕРТІСБАЕВ**
*«Egemen Qazaqstan»*

БІЗ БІРГЕМІЗ!

# БЕРЕКЕ БАСТАУЫ



Біз, қазақ, жағасы алтын, жеңі жез, ынтымағы жараса, ырысы тасыған, бір жеңнен бас, бір жағадан қол шығарған, бірлігі бекем, ұлы ұлтпыз. Дер кезінде еңсемізді тіктеп, ұлт болып ұйысуымызға атам заманнан аманат болып қалған адалдығымыз бен адамдығымыз, әділдігіміз бен әдебіміз, батырлығымыз бен батылдығымыз себеп болған шығар, бәлкім! Қазақ атты қайсар халықтың басынан ер етігімен су кешіп, ат ауыздықпен су ішкен талай нәубетті замандар мен тар жол тайғақ кешулер өтті.

Алғаш Тәуелсіздік алып, көңіліміз бен алақанымыздан азаттықтың ақ көгершінін ұшырғанымызға биыл – 29 жыл. Тәңірі қолдап, тұғырымыз бекіген егемендіктің 30 жылдығын тойлайтын күнде алыс емес. Жаратқан ием барша халқымызды сол мерейлі күнді аман-есен көруге жеткізсін. 30 жылда керегеміз кеңіп, іргеміз бекіді. Алдыңғы қатарлы озық экономикалы алпауыт елдермен иық тірестіре алатындай дәрежеге жеттік. Ұландарымыз ұлтымыз бен елімізді биікке шығарды. Қай додада болсын еліміздің әнұраны айтылып, көк байрағы асқақтады. Міне, нағыз бақыт деген осы емес пе?!

Бүкіл әлемді әуре-сарсаңға салған ауыр дерт біздің елімізді де елемей өтпеді. Экономикадағы әлсіреуді дүниежүзі мемлекеттері сезініп жатыр. Осындай сынды шақтарда жұдырықтай жұмылған ел ғана жеңіп шығары ақиқат. Осынау жылуы мен шуағы жанды елітер жайдары мезгілде еліміз үшін айрықша айтулы күн бар. Ол – 1 мамыр, Қазақстан халқының бірлігі күні. Алтай мен Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр, тауы мен тасы, шөлейті мен шөлі, теңізі мен көлі көп, жер асты қазба байлыққа, үсті ырыс-ынтымаққа толған қасиетті де киелі алқабымызда 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілі татулықта күн кешіп жатыр. Биылғы жыл тіптен ерекше. Себебі, биыл – Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл толды. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтқан болатын. 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган мәртебесімен құру туралы Президенттің Жарлығы шықты. 2007 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты. Ал, 2008 жылғы 20 қаңтарда Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. ҚХА еліміздің саяси жүйесінің толыққанды субъектісіне айналып, талай тарихи маңызды істердің басы-қасынан табылды.

Қарт тарихтың кер жолына қайталай үңілсек, біздің заманымызға дейін де, одан бергі ғасырлар бедерінде де асыл бабаларымыз пенде атаулыны түр-түсіне, діни сеніміне, мәдениетіне қарай бөлмепті. Және солай етем деушілерге көнбепті. Жазира жеріміздің төсінен дәстүрлі өз дінімізбен қатар, будданың да православиенің де археологиялық артефактілерінің арагідік табылып жатуы соның бір көрінісі. Демек, адамзаттың бәрін бауырым деп кеудесіне қысқан кешегі әлемге өркениет жайған еңселі жұрт ұрпағының мынау зымыран дүниеде дәл осы ауанда да елдің алдына шығуы табиғи да келісті дүние.

Тұңғыш Президентіміз, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен 2013 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері жалпы жарық дүниеге шапағатты сәулесін молынан түсіретін ғаламдық жиынға айналды. Мұндай бағаны беріп отырғандардың өзі сол әлемдік деңгейдегі саясаткерлер мен ірі дінбасылары. Адамзаттық рухани-адамгершілік құнды-лықтарды одан әрі нығайтуға, діндер мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен келісімге деген қажеттіліктің бүгінгідей тіптен артып тұрған шағында Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік пен Келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің өтуі маңызы асқан шаруа. Өйткені, оның жұмысына төрткүл дүниенің 42 елінен 80-нен астам делегациямен бірге небір атынан ат үркетін шетелдік және халықаралық ұйым өкілдерінің, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы мен өкілдерінің қатысуы да біздің қадірімізді арттыра түссе керек.

Ырыстың тек ынтымағы жарасқан жерге тұрақтайтыны белгілі. Ендеше, айбынымыз бен байлығымызға айналған қазақ атты қара шаңырақтың шаттығы шалқып, несібесі тасып-төгіле бергей. Мереке құтты болсын!

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,**
**Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі**

# СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

**Бүкіл қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастырған Қазақстан халқы Ассамблеясы – Тәуелсіздік жылдар ішінде қазақ жерін жайлаған татулық пен ынтымақтастықтың киесіне айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылдың желтоқсанында өткен Қазақстан халқының бірінші форумында айтқаны әлі есімде.**



Тарих қойнауында алтын әріптермен таңбаланған аталмыш форум жұмысында Мемлекет басшысы баяндама жасап, Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылу үшін, ел тұрғындары бай, әл-ауқаты жоғары өмір сүру деңгейіне жету үшін халықтың ынтымағы, бірлігі мен татулығы мығым болуы керектігін атап өтті. Сөйтіп, 1995 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасының Президенті жанынан консультативті-кеңестік орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бірақ, бұл орган өз жұмысын 1995 жылы бастады деу бұрыстау. Өйткені, қазіргі Ассамблея Тәуелсіздік алған тұста Президенттің бастамасымен құрыла бастаған ұлттық-мәдени орталықтардың заңды жалғастырушысы болды. Қорыта айтқанда, Қазақстан халқы Ассамблеясы барлық ұлт пен ұлыстың басын бір арнаға тоғыстырып, этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы және елімізді мекен еткен барша халықтың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші ұйымға айналды.

Жоғарыда айтып өткенімдей Елбасының тапсырмасымен жер-жерде ұлттық-мәдени орталықтар құрыла бастағанда Жезқазған облысында «Вайнах» шешен-ингуш орталығының негізі қаланды. Оның төрағасы қызметін он жыл атқардым. Алғашқы шақырылымнан Қазақстан халқы Ассамблеясына мүшелік етудемін. Облыс тараған жылы өзім жетекшілік ететін шешен-ингуш орталығын жауып, қалалық орталық ретінде қайта рәсімдеу керек болды. Орталық мүшелерімен ақылдасып, ойлана келе қалалық орталық ашпайтын болдық. Мұны шаруасы көп болғандықтан деп түсініп қалмаңыздар. Сол кезеңде Кеңес одағы құрамында болған кейбір елдерде қарулы қақтығыстар болып жатса, біздің Отанымыз гүлденіп, ондағы халық ымыра-бірлікте бақытты күй кешіп жатты. «Сен – шешенсің», «сен – ингушсың» деп бізді бөліп жарған жоқ. Құқығымызды шектемеді. Сондықтан да, Қарағанды облысында жұмыс жасап тұрған бір орталық жеткілікті деген тоқтамға келдік. Күні бүгінге дейін «Қап, ұлттық-мәдени бірлестігімізді Жезқазған аймағында құрып алу керек еді» деп өкінбеппіз де.

Жыл сайын Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында тұтастықтың темірқазығына айналған Ассамблея дәстүрлі сессиясын өткізеді. Маған сол сессияларға қатысу бақыты бұйырғанын айтпай, қалайша мақтанбайын?! Тіпті, Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында мінберге көтеріліп, Нұрсұлтан Әбішұлының алдында сөз сөйлегенім бар. Сөзіме әкем Супьянның және барша шешен-ингуш диаспорасының қазақ жеріне, еліне деген алғысы мен ризашылығын арқау еттім. Әкем «жерін ғана емес бір үзім нанын да бөліп, тілі мен ділі бөлек халықты аман алып қалған қазақ халқын алғыс айтудан шаршамаңдар» дегенді санамызға құйып, тәрбиеледі. Мен әкемнің сол алғысын үлкен мінберден бар даусыммен барша қазақ халқына жеткізгенім үшін қуаныштымын.

Ширек ғасырдан бері Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарған қызметі мен жүріп өткен сара жолының арқасында әлемдік қауымдастық алдында беделді ұйымға айналып, қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісімнің үлгісін көрсетті.

Қазіргі таңда әлем елдерін дүрліктірген қауіпті індет Қазақстанның да төбесіне қара бұлт үйіріліп тұр. Дегенмен, біздің, яғни Қазақстан халқының бұл өткінші қиындықтан да аман-есен шығатынына кәміл сенемін. Өйткені, талай нәубет пен зұлматты бірге қасқайып тұрып еңсерген біздің сүрінуге, жарқын болашақтан қол үзуге құқығымыз жоқ. Елбасы айтпақшы, «Бірлік болса, алынбайтын қамал жоқ». Бұл сынақты біз бірліктің арқасында жеңіп шығып, сол бір жайма шуақ күндерге ертең-ақ оралармыз. Тек сенім мен бірлікке берік болайық!

**Зинаида ЧУМАКОВА,**
**Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі**

# РЕШЕНИЕ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

*город Жезказган*
*№ 44/388 от 9 апреля 2020 года*

## О внесении изменений в решение XXXXI сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №41/362 «О бюджете города Жезказган на 2020-2022 годы»

***Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 10 апреля 2020 года за №5792 в Департаменте Юстиции Карагандинской области Министерства Юстиции Республики Казахстан***

В соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Жезказганский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение XXXXI сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №41/362 «О бюджете города Жезказган на 2020-2022 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5633, опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 8 января 2020 года, в газете «Сарыарқа» от 17 января 2020 года №2 (8166), 24 января 2020 года №3 (8167), в газете «Жезказганский вестник» 17 января 2020 года №2 (309), 24 января 2020 года №3 (310) следующие изменения:

пункт 1 изложить в следующей редакции:

«1. Утвердить городской бюджет на 2020-2022 годы согласно приложениям 1, 2, 3 соответственно, в том числе на 2020 год в следующих объёмах:

1) доходы – 25024118 тысяч тенге, в том числе:

налоговые поступления – 9494996 тысяч тенге;

неналоговые поступления – 77860 тысяч тенге;

поступления от продажи основного капитала – 244267 тысяч тенге;

поступления трансфертов–15206995 тысяч тенге;

2) затраты – 27678922 тысяч тенге;

3) чистое бюджетное кредитование – 1656875 тысяч тенге, в том числе:

бюджетные кредиты – 1659173 тысяч тенге;

погашение бюджетных кредитов – 2298 тысяч тенге;

4) сальдо по операциям с финансовыми активами – 0 тысяч тенге, в том числе:

приобретение финансовых активов – 0 тысяч тенге;

поступления от продажи финансовых активов государства – 0 тысяч тенге;

5) дефицит (профицит) бюджета – минус 4311679 тысяч тенге;

6) финансирование дефицита (использование профицита) бюджета – 4311679 тысяч тенге, в том числе:

поступления займов – 4409012 тысяч тенге;

погашения займов – 175078 тысяч тенге;

используемые остатки бюджетных средств – 77745 тысяч тенге.»;

приложения 1, 4 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложениям 1, 2к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2020 года.

**Председатель сессии С. ЖУМКИНА**
**Секретарь Жезказганского**
**городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 10.04.2020 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5792 болып енгізілді***
***Результаты согласования***
***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 09.04.2020 16:08:38, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 09.04.2020 16:09:26, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 09.04.2020 16:11:44, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 09.04.2020 16:56:47, положительный результат проверки ЭЦП***

*Приложение 1 к решению Жезказагского городского маслихата от 9 апреля 2020 года № 44/388*
*Приложение 1 к решению XXXXI сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №41/362*

### Бюджет на 2020 год

| Категория | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| | Класс | | | |
| | | Подкласс | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Доходы | 25024118 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 9494996 |
| | 01 | | Подоходный налог | 4744729 |
| | | 1 | Корпоративный подоходный налог | 646683 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 4098046 |
| | 03 | | Социальный налог | 3455004 |
| | | 1 | Социальный налог | 3455004 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 965194 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 841318 |
| | | 3 | Земельный налог | 27000 |
| | | 4 | Налог на транспортные средства | 95846 |
| | | 5 | Единый земельный налог | 1030 |
| | 05 | | Внутренние налоги на товары, работы и услуги | 300909 |
| | | 2 | Акцизы | 10312 |
| | | 3 | Поступления за использование природных и других ресурсов | 206000 |
| | | 4 | Сборы за ведение предпринимательской и профессиональной деятельности | 70759 |
| | | 5 | Налог на игорный бизнес | 13838 |
| | 08 | | Обязательные платежи, взимаемые за совершение юридически значимых действий и (или) выдачу документов уполномоченными на то государственными органами или должностными лицами | 29160 |
| | | 1 | Государственная пошлина | 29160 |
| 2 | | | Неналоговые поступления | 77860 |
| | 01 | | Доходы от государственной собственности | 22332 |
| | | 1 | Поступления части чистого дохода государственных предприятий | 34 |
| | | 5 | Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности | 22298 |
| | 06 | | Прочие неналоговые поступления | 55528 |
| | | 1 | Прочие неналоговые поступления | 55528 |
| 3 | | | Поступления от продажи основного капитала | 244267 |
| | 01 | | Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями | 203443 |
| | | 1 | Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями | 203443 |
| | 03 | | Продажа земли и нематериальных активов | 40824 |
| | | 1 | Продажа земли | 22442 |
| | | 2 | Продажа нематериальных активов | 18382 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 15206995 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 15206995 |
| | | 2 | Трансферты из областного бюджета | 15206995 |

| Функциональная группа | | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функциональная подгруппа | | | | |
| | | Администратор бюджетных программ | | | |
| | | | Программа | | |
| | | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Затраты | 27678922 |
| 01 | | | | Государственные услуги общего характера | 485917 |
| | 1 | | | Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления | 277970 |
| | | 112 | | Аппарат маслихата района (города областного значения) | 25435 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности маслихата района (города областного значения) | 25435 |
| | | 122 | | Аппарат акима района (города областного значения) | 252535 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима района (города областного значения) | 252535 |
| | 2 | | | Финансовая деятельность | 4300 |
| | | 459 | | Отдел экономики и финансов района (города областного значения) | 4300 |
| | | | 003 | Проведение оценки имущества в целях налогообложения | 4300 |
| | 9 | | | Прочие государственные услуги общего характера | 203647 |
| | | 454 | | Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения) | 33132 |
| | | | 001 | Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области развития предпринимательства и сельского хозяйства | 33132 |
| | | 458 | | Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения) | 96321 |
| | | | 001 | Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог | 65264 |
| | | | 113 | Целевые текущие трансферты нижестоящим бюджетам | 31057 |
| | | 459 | | Отдел экономики и финансов района (города областного значения) | 74194 |
| | | | 001 | Услуги по реализации государственной политики в области формирования и развития экономической политики, государственного планирования, исполнения бюджета и управления коммунальной собственностью района (города областного значения) | 61964 |
| | | | 015 | Капитальные расходы государственного органа | 12230 |
| 02 | | | | Оборона | 47987 |
| | 1 | | | Военные нужды | 17971 |
| | | 122 | | Аппарат акима района (города областного значения) | 17971 |
| | | | 005 | Мероприятия в рамках исполнения всеобщей воинской обязанности | 17971 |
| | 2 | | | Организация работы по чрезвычайным ситуациям | 30016 |
| | | 122 | | Аппарат акима района (города областного значения) | 30016 |
| | | | 006 | Предупреждение и ликвидация чрезвычайных ситуаций масштаба района (города областного значения) | 29064 |
| | | | 007 | Мероприятия по профилактике и тушению степных пожаров районного (городского) масштаба, а также пожаров в населенных пунктах, в которых не созданы органы государственной противопожарной службы | 952 |
| 03 | | | | Общественный порядок, безопасность, правовая, судебная, уголовно-исполнительная деятельность | 89347 |
| | 9 | | | Прочие услуги в области общественного порядка и безопасности | 89347 |
| | | 458 | | Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения) | 89347 |
| | | | 021 | Обеспечение безопасности дорожного движения в населенных пунктах | 89347 |
| 04 | | | | Образование | 9706948 |
| | 1 | | | Дошкольное воспитание и обучение | 1948026 |
| | | 464 | | Отдел образования района (города областного значения) | 1948026 |
| | | | 040 | Реализация государственного образовательного заказа в дошкольных организациях образования | 1948026 |
| | 2 | | | Начальное, основное среднее и общее среднее образование | 5824056 |
| | | 464 | | Отдел образования района (города областного значения) | 5292675 |
| | | | 003 | Общеобразовательное обучение | 5021797 |
| | | | 006 | Дополнительное образование для детей | 270878 |
| | | 467 | | Отдел строительства района (города областного значения) | 531381 |
| | | | 024 | Строительство и реконструкция объектов начального, основного среднего и общего среднего образования | 531381 |
| | 9 | | | Прочие услуги в области образования | 1934866 |
| | | 464 | | Отдел образования района (города областного значения) | 1934866 |
| | | | 001 | Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области образования | 40873 |
| | | | 005 | Приобретение и доставка учебников, учебно-методических комплексов для государственных учреждений образования района (города областного значения) | 148536 |
| | | | 012 | Капитальные расходы государственного органа | 860 |
| | | | 015 | Ежемесячные выплаты денежных средств опекунам (попечителям) на содержание ребенка-сироты (детей-сирот), и ребенка (детей), оставшегося без попечения родителей | 30221 |
| | | | 022 | Выплата единовременных денежных средств казахстанским гражданам, усыновившим (удочерившим) ребенка (детей)-сироту и ребенка (детей), оставшегося без попечения родителей | 994 |
| | | | 029 | Обследование психического здоровья детей и подростков и оказание психолого-медико-педагогической консультативной помощи населению | 25143 |
| | | | 067 | Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций | 1688239 |
| 06 | | | | Социальная помощь и социальное обеспечение | 1302429 |
| | 1 | | | Социальное обеспечение | 285769 |
| | | 451 | | Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения) | 266198 |
| | | | 005 | Государственная адресная социальная помощь | 266198 |
| | | 464 | | Отдел образования района (города областного значения) | 19571 |
| | | | 030 | Содержание ребенка (детей), переданного патронатным воспитателям | 19571 |
| | 2 | | | Социальная помощь | 904091 |
| | | 451 | | Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения) | 869593 |

►►*продолжение в след. номере*

*город Жезказган* *№ 44/389 от 9 апреля 2020 года*

## Об утверждении Регламента собрания местного сообщества села Талап

***Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 10 апреля 2020 года за №5793 в Департаменте Юстиции Карагандинской области Министерства Юстиции Республики Казахстан***

В соответствии с пунктом 3-1 статьи 39-3 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 7 августа 2017 года № 295 «Об утверждении Типового регламента собрания местного сообщества» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15630) Жезказганский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить прилагаемый Регламент собрания местного сообщества села Талап.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования и распространяется на отношения, возникшие с 1 января 2020 года.

**Председатель сессии С. ЖУМКИНА**
**Секретарь Жезказганского**
**городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 10.04.2020 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5793 болып енгізілді***
***Результаты согласования***
***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 09.04.2020 16:28:09, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 09.04.2020 16:28:51, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 09.04.2020 16:29:59, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 10.04.2020 10:13:15, положительный результат проверки ЭЦП***

*Приложение к решению Жезказагского городского маслихата от 9 апреля 2020 года № 44/389*

## Регламент собрания местного сообщества села Талап

**Глава 1. Общие положения**

1. Настоящий Регламент собрания местного сообщества села Талап (далее – Регламент) разработан в соответствии с пунктом 3-1 статьи 39-3 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» (далее – Закон), приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 7 августа 2017 года № 295 «Об утверждении Типового регламента собрания местного сообщества» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15630).

2. Основные понятия, которые используются в настоящем Регламенте:

1) местное сообщество – совокупность жителей (членов местного сообщества), проживающих на территории соответствующей административно-территориальной единицы, в границах которой осуществляется местное самоуправление, формируются и функционируют его органы;

2) собрание местного сообщества (далее – собрание) – участие представителей местного сообщества, делегированных сходом местного сообщества, в решении текущих вопросов местного значения в пределах и порядке, установленных законодательством Республики Казахстан;

3) вопросы местного значения – вопросы деятельности области, района, города, района в городе, сельского округа, поселка и села, не входящего в состав сельского округа, регулирование которых в соответствии с Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан связано с обеспечением прав и законных интересов большинства жителей соответствующей административно-территориальной единицы;

4) местное самоуправление – деятельность, осуществляемая населением непосредственно, а также через маслихаты и другие органы местного самоуправления, направленная на самостоятельное решение вопросов местного значения под свою ответственность, в порядке, определяемом Законом, иными нормативными правовыми актами;

5) член собрания местного сообщества – представитель местного сообщества, делегированный сходом местного сообщества, в решении текущих вопросов местного значения в пределах и порядке, установленных законодательством Республики Казахстан.

3. Регламент собрания утверждается Жезказганскимгородскиммаслихатом (далее – городской маслихат).

**Глава 2. Порядок проведения созыва собрания местного сообщества**

4. Собрание проводится по текущим вопросам местного значения:

обсуждение и рассмотрение проектов программных документов, программ развития местного сообщества;

согласование проекта бюджета села Талап (далее – село) и отчета об исполнении бюджета;

согласование решений аппарата акима села Талап (далее – аппарат акима села) по управлению коммунальной собственностью села (коммунальной собственностью местного самоуправления);

образование комиссии местного сообщества из числа участников собрания в целях мониторинга исполнения бюджета;

заслушивание и обсуждение отчета о результатах проведенного мониторинга исполнения бюджета села;

согласование отчуждения коммунального имущества села;

обсуждение актуальных вопросов местного сообщества, проектов нормативных правовых актов, затрагивающих права и свободы граждан;

согласование представленных акимом города Жезказган (далее – аким города) кандидатур на должность акима села Талап (далее – аким села) для дальнейшего внесения в городской маслихат для проведения выборов акима села;

инициирование вопроса об освобождении от должности акима села;

внесение предложений по назначению руководителей государственных учреждений и организаций, финансируемых из местного бюджета и расположенных на соответствующей территории;

другие текущие вопросы местного сообщества.

5. Собрание может созываться акимом села самостоятельно либо по инициативе не менее десяти процентов членов собрания, делегированных сходом местного сообщества (далее – члены собрания), но не реже одного раза в квартал.

Инициаторы собрания в произвольной форме письменно обращаются к акиму с указанием повестки дня.

Аким в течение трех рабочих дней рассматривает письменное обращение и принимает решение о созыве собрания с указанием места и времени созыва.

6. О времени, месте созыва собрания и обсуждаемых вопросах, члены собрания оповещаются не позднее, чем за десять календарных дней до дня его проведения через средства массовой информации или иными способами.

По вопросам, вносимым на рассмотрение собрания, аппарат акима села не позднее, чем за пять календарных дней до созыва собрания представляет членам собрания и акиму необходимые материалы в письменном виде или в форме электронного документа.

7. Перед началом созыва собрания аппаратом акима села проводится регистрация присутствующих членов собрания, ее результаты оглашаются акимом или уполномоченным им лицом перед началом созыва собрания и заносятся в протокол собрания с указанием места и времени проведения созыва.

Созыв собрания считается состоявшимся при участии в нем не менее половины членов собрания.

8. Созыв собрания открывается акимом или уполномоченным им лицом.

Для ведения созыва собрания открытым голосованием избираются председатель и секретарь собрания.

9. Повестка дня собрания формируется аппаратом акима села на основе предложений, вносимых членами собрания, акимом села.

В повестку дня включаются вопросы о ходе и (или) исполнения решений, принятых на предыдущих созывах собрании.

Повестка дня созыва собрания может быть дополнена и изменена при ее обсуждении.

Повестка дня созыва собрания утверждается собранием.

Голосование по каждому вопросу повестки дня проводится раздельно. Вопрос считается внесенным в повестку дня, если за него проголосовало большинство присутствующих членов собрания.

10. На созыв собрания могут приглашаться депутаты городского маслихата, представители аппарата акима города, государственных учреждений и предприятий, а также физических и юридических лиц, вопросы которых рассматриваются на созыве собрания. Также на созыве собрания могут присутствовать представители средств массовой информации и общественных объединений.

Приглашенные лица, указанные в части первой настоящего пункта, не являются членами собрания и не участвуют в голосовании при принятии решений.

11. Регламент выступлений на созывах собраний для докладов, содокладов, выступлений в прениях и по порядку ведения созыва собрания определяется председателем. Докладчикам и содокладчикам отводится время для ответов на вопросы. В случае если выступающийпревысил отведенное время, председатель собрания прерывает его выступление или с согласия большинства присутствующих на созыве членов собрания продлевает время для выступления.

Член собрания может выступить по одному и тому же вопросу не более двух раз. Не считаются выступлениями в прениях обращения членов собрания, выступления для дачи пояснений и ответов на вопросы. Вопросы докладчикам задаются в письменном или устном виде. Письменные вопросы предоставляются председателю собрания и оглашаются на созыве собраний.

Председатель собрания может объявлять перерывы по собственной инициативе или по мотивированному предложению членов собрания.

В конце собрания отводится время для выступления членов собрания с краткими заявлениями и сообщениями, прения по которым не открываются.

**Глава 3. Порядок принятия решений собранием местного сообщества**

12. Собрание в рамках своих полномочий принимает решения большинством голосов присутствующих на созыве членов собрания.

В случае равенства голосов председатель собрания пользуется правом решающего голоса.

Решение собрания оформляется протоколом, в котором указываются:

1) дата и место проведения собрания;

2) количество и список членов собрания;

3) количество и список иных присутствующих с указанием фамилии, имени, отчества (при его наличии);

4) фамилия, имя, отчество (при его наличии) председателя и секретаря собрания;

5) повестка дня, краткое содержание выступлений и принятые решения.

Протокол подписывается председателем и секретарем собрания и в течение двух рабочих дней передается акиму села.

13. Решения, принятые собранием, рассматриваются акимом села в срок пяти рабочих дней.

Акимы вправе выразить несогласие с решением собрания местного сообщества, которое разрешается путем повторного обсуждения вопросов, вызвавших такое несогласие в порядке, предусмотренном Главой 2 настоящего Регламента.

В случае невозможности разрешения вопросов, вызвавших несогласие акима села, вопрос разрешается акимом города после его предварительного обсуждения на заседании городского маслихата.

14. Результаты рассмотрения акимом села решений собрания доводятся аппаратом акима села до членов собрания в течение пяти рабочих дней.

15. Органы местного государственного управления и самоуправления, должностные лица в пределах полномочий обеспечивают исполнение решений, принятых на созыве собраний и одобренных акимом села.

16. Решения, принятые на созыве собрания, распространяются аппаратом акима села через средства массовой информации или иными способами.

**Глава 4. Контроль за исполнением решений собрания местного сообщества**

17. На собрании регулярно заслушиваются информации лиц, ответственных за исполнение решений собрания.

18. В случае неисполнения или некачественного исполнения решений, соответствующая информация вносится в протокол, который председателем собрания направляется акиму города или вышестоящим руководителям должностных лиц, ответственных за исполнение решений собрания.

В случае повторного неисполнения или некачественного исполнения принятых решений, собрание инициирует вопрос об ответственности должностных лиц перед акимом города или вышестоящим руководством соответствующих должностных лиц.

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 10.04.2020 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5793 болып енгізілді***
***Результаты согласования***
***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 09.04.2020 16:28:09, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 09.04.2020 16:28:51, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 09.04.2020 16:29:59, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 10.04.2020 10:13:15, положительный результат проверки ЭЦП***

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

*(Жалғасы. Басы газеттің өткен нөмірлерінде)*

# ҚАҺАРМАНДАР



*Виктор Константинович КУРЬЯТОВ*

Виктор Константинович Курьятов 1925 жылы Қорған облысындағы Речное селосында туған. Он жеті жасында өзі сұранып майданға аттанады. Сталинградтан Австрияның Вайсберг қаласына дейінгі соғыс жолынан өткен.

Виктор Константинович өзінің жауынгерлік қадамын Қазақстанда құрылған 38-ші атқыштар дивизиясының құрамында Сталинград түбінде бастаған. Көрсеткен ерлігі жоғары бағаланып, екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Сталинград үшін болған жойқын шайқаста жараланады.

Емделіп шыққаннан кейін Виктор 61-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында барлаушы болады. Құрамында Виктор Курьятов болған бір топ барлаушылар Триспольдің оңтүстігіне таянған жерде жау қорғанысының түпкі жағындағы атыс ұяларын барлап, анықтау тапсырылады. Барлаушылар тапсырманы ойдағыдай орындап қайтып келе жатқанда гитлершілердің штабын көріп қалады. Олар неде болса «тіл» алуға бел байлайды. Курьятов қарауылшының үнін шығармай қағып түскенде басқа барлаушылар жер кепенің ішіне лап қояды. Офицерді тұтқынға алып, қалғандарын жойып жібереді.



Совет әскерлері 1944 жылғы 20 тамызда Яссы-Кишинев операциясын бастайды. Бірінші ұрыста-ақ Курьятов барлаушыларды соңына ерте шабуылға шығады. Немістер траншеясына жетіп, зеңбіректің атқылауынан аман қалған екі пулеметті гранатпен жайлап, бір офицер мен үш солдатты автоматпен жайратты. Гвардияшы Виктор Курьятов бұл ұрыстың басқа күндерінде де батыл да өжет қимылдайды. Бір аптада ол он бес жауды өлтіріп, он гитлершілді қолға түсіреді.

1945 жылғы 22 тамызда он төрт барлаушымен бірге аға сержант В.Курьятовқа Венгрияның Шарп деревнясы маңынан «тіл» алуға бұйрық беріледі. Бұл жерден неміс қорғанысын бұзу белгіленген еді. Жау позициясына таянғанда барлаушылар тобы байқалып қалып, пулемет атқылауына алынады. Бірақ жауынгерлер тайсалмады. Жас коммунист В.Курьятов «Жігіттер, соңыма еріңдер! Ура!», деп ұран салып атакаға шығады. Барлаушылар да одан қалмайды. Қысқа ғана жекпе-жек ұрыста траншея тартып алынды. Барлаушылардың табысын жаяу әскерлер баянды етті. Барлау тобының командирі Курьятов бұл ұрыста екі пулемет пен жаудың он беске жуық солдатын өлтіреді. Траншеяның бұрылысынан өзіне қарғыған неміске ол самбо күресінің әдісін қолданып, қарусыздандырып полк штабына әкеп тапсырады.

Батырлық ерліктері үшін В.К.Курьятов Даңқ орденінің үш дәрежесінің үшеуімен де марапатталады.

*Василий Петрович СПИЦЫН*

Василий Петрович Спицын 1922 жылы Тамбов (қазір Воронеж) облысының Краснянка деревнясында туған. Ұлы Отан соғысының алдында оның отбасы Балқаш қаласына көшіп келеді. Василий онда мыс қорыту заводында жұмыс істейді.

1941 жылы шілдеде В.П.Спицын Қызыл Армия қатарына шақырылады. Василий Петрович Қазақ КСР-і Ақмола қаласында құрылған 310-шы атқыштар дивизиясының құрамында жүріп соғысқа кіреді. Жауынгерлік нысанашы болды.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі оның майдангерлік жолы ұзақ болды. Ол Ленинград қаласын қорғап, Псковты, Новгородты, Прибалтиканы, Польшаны, Пруссияны азат етуге қатысты.

1944 жылғы 31 наурыздан 2 сәуірге дейін Псков облысының Кузьмино және Воронино деревнялары маңындағы жаудың қорғанысын бұзу кезінде 76 миллиметрлік зеңбіректер артиллеристері жаяу әскерлермен бірге қимылдайды. Василий Спицын дәл атып, жаудың бір зеңбірегін, расчетымен екі пулеметін жойып, бақылау пунктін



қиратты және жиырмаға жуық жау солдаты мен офицерін жер жастандырды. Сөйтіп жаяу әскерлердің тапсырманы ойдағыдай орындауына көмектесті. Бұл үшін дивизия командирі В.П.Спицынге үшінші дәрежелі Даңқ ордені тапсырылды.

1945 жылы 27 ақпанда Шығыс Померарияның Хамерштейн қаласының маңайындағы жаудың ірі күші біздің әскерлерге тұтқиылдан шабуыл жасайды. Қала жарылған артиллерия снарядтары мен қарша бораған пулемет оқтарының астында тұрса да, сержант Спицыннің расчеты батареяда бірінші болып жауға қарсы оқ жаудырады. Бүкіл батареядағылар олардан үлгі алып, жаудың екі танкісін, бірнеше атыс ұяларын талқандайды. Жау шабуылы тоқтатылып, неміс группировкасы ыдыратылып жіберіледі. Бұл ұрыс үшін коммунист Василий Спицынге екінші дәрежелі Даңқ ордені тапсырылады.

Орудие командирі В.П.Спицын ірі өнеркәсіп орталығы әрі порт Гдыня қаласын алудағы ұрыстарда да тайсалмай батылдықпен қимылдайды. Польшаның бұл көне қаласын азат етудегі ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарғысы бойынша аға сержант Спицын бірінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталады.

Василий Петрович Спицын жеңістен кейін Балқаш қаласына оралып, мыс қорыту зауытында жұмыс істейді. Мұнда ол 30 жылдан астам еңбек етті. Өндірістегі жоғары көрсеткіштері үшін Василий Петрович Қазан Революциясы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Балқаш қаласының Құрметті азаматы Василий Петрович Спицын 1979 жылы өмірден өткен.

*Мұханбет БАЙМАНОВ*

Мұханбет Байманов 1924 жылы Жезқазған облысы Жезді ауданы Кировский совхозында дүниеге келген. 1939 жылдан 1942 жылға дейін колхозда колхозшы болып жұмыс істейді.

Мұханбет Байманов 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, 1943 жылдың ақпан айынан бастап соғысқа қатысады. Алғашқыда ол Ақтөбеде, кейіннен Новосибирск қалаларында әскери дайындықтан өтеді. Жауынгер М.Байманов танкіге қарсы оқ ататын зеңбіректің көздеушісі болудан бастайды. Көп кешікпей бірінші Украина майданының құрамында туысқан республиканың жерін жаудан азат ету ұрыстарына қатысады. 1943 жылдың мамыр айында – ол Харьковтың маңайында, оған жақын аудандардың селолар мен деревняларында болған шайқастарға қатысып, зеңбірекпен нысана көздеуде ерекше көзге түседі. Осы шайқаста жауынгер М.Байманов ауыр жарақаттанып, госпитальге түседі. Бірақ ол емделіп шыққан соң сол бөлімшесіне қайтып орала алмайды. Енді жаумен шайқасты екінші Балтық майданында жалғастырады. Балтық майданында Литва, Эстония, Латвия республикаларын азат ету шайқастарына қатысады. Рига қаласын жаудан азат ету шайқасы оның есінде ерекше қалыпты. Осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін М.Байманов 1944 жылы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Бірақ, оған бұл медальді 1947 жылы Қарсақбай аудандық әскери комиссариаты тапсырады.

1945 жылы 9 мамырда жолдамамен Москвадағы орталық әскери-техникалық мектепте әскери білімін жетілдіріп жүрген М.Байманов ойламаған жерден Жеңіс парадына қатысу құрметіне ие болады.

1947 жылы сәуір айында елге оралған соң, ол бірден еңбек майданына араласады.

1950 жылы Қарсақбай аудандық атқару кеңесі комитетінің жалпы бөлімінің меңгерушісі, кейін коммуналдық-шаруашылық бөлімін басқарады. 1952 жылдан 1962 жылға дейін М.Байманов аудандық қамсыздандыру бөлімінің инспекторы, бастығы, ал 1963 жылдан



1972 жылға дейін Жезді поселкелік атқару кеңесі комитетінің төрағасы қызметтерін атқарады. Ұлытау ауданы құрылған жылы 1972 жылдан 1980 жылға дейін аудандық қамсыздандыру бөлімінің бастығы қызметін қайта жалғастырып, 1980 жылы құрметті демалысқа шығады.

Еңбек еткен жылдары М.Байманов ұдайы зор сенім мен құрметке бөленіп келді. Бірнеше рет жергілікті Кеңестің депутаттығына сайланып, сан рет аудандық, қалалық партия конференцияларына делегат болып қатысады. 1977 жылдың маусым айында №15 сайлау округінен Қаз.КСР-і Ұлытау ауданының депутаты, Ұлытау селолық Кеңесінің депутаты болып сайланды.

1979 жылдың маусым айында №18, 1982 жылдың тамыз айында №4 сайлау округтерінен Ұлытау селолық Кеңес депутаты болып сайланады.

**Мәліметтер Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің құжаттарынан дайындалды**

## ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ және ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Ұлы Отан соғысының аяқталып, Жеңіс мерекесі батырлықтың символына айналғанына биыл 75 жыл. Осыған орай, Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві **«Жезқазғандықтардың майдандағы ерлік жолдары»** атты АКЦИЯСЫН жариялайды. Бүгінгі таңда соғыс жылдарындағы құжаттардың бағасы мен маңыздылығын ескеріп, ондаған жылдар сақталған жәдігерлерді жинақтауымыз қажет.

Осы ретте **Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл ардагерлері және олардың ұрпақтары!** Майдангер-ардагерлеріміз жайында қолдарыңызда қандай да бір мәлімет-деректеріңіз болса, (ҰОС қатысушы ардагердің немесе тыл ардагерлерінің өмірбаяны, жеке құжаттары, марапаттары, мақалалары, естеліктері, жеке суреттері, т.б. құжаттары) Жезқазған қаласы мемлекеттік архивіне өткізулеріңізді сұраймыз.

***Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!!***

**Мекенжайымыз: Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві, Титов көшесі, 22, басшы Д.Орынбасарова, телефон: 72-31-22, №2 кабинет, Ж. Оспанова, телефоны: 72-31-23.**

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

# АМАНАТҚА ҚИЯНАТ ЖАСАМАЙЫҚ

## *немесе қазақ тілінің тағдыры әр қазақты ойландыруы тиіс*

**Бабалардан қалған үш аманат бар екен: ол – туған тіліңді көздің қарашағындай сақта, салт-дәстүріңді біл, білмегенге үйрет және қасиетті дініңе мықты бол деген өсиет. Осы үш аманат-өсиеттің ішінде ең айрықшасы – тіл. Неге? Өйткені кез келген ұлттың болмысы, тіршілік қарекеті, дүниетанымы, ұстанымы ана тіліне тікелей байланысты екені сөзсіз. Ал тілден айырылу – ұлт ретіндегі белгілеріңнен жұрдай болу деген сөз. Өйткені тілі мықты елдің өзі де мықты болады. Жасырары жоқ, қазақ тілі сол бір замандарда құрып кетудің аз-ақ алдында қалған-ды.**

1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін біздің санамызға сәуле кіріп, көзіміз ашылды. Көп ұзамай аңсаған арманымызға қолымыз жетіп, еліміз егемендік алды. Егемендікпен бірге еркін ойлау және шешімді қимыл жасау мүмкіндігі туды. Соның бір белгісі – мүшкіл хал-күйдегі қазақ тілінің аяғынан тік тұруына қарекет етерлік қозғалыстың басталуы.

Көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтар, қыз-жігіттер ұйымдасып, қалалық «Қазақ тілі қоғамын» құрдық. Барлық мекеме, кәсіпорындарда да «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымдары құрылып, басшылары тағайындалды. Қалалық қоғамның алғашқы басшысы Төлеген Бүкіров болды. Сондай жауапты тұста іс басында Төлеген Нұрмағанбетұлы сияқты табанды, ұлттық құндылықтарға жан-тәнімен жанашыр, тиісті жерлерге сөзін өткізе алатын беделі бар жігерлі азаматтар қажет болатын. «Қазақ тілі» қоғамының тізгінін ұстаған Төлеген сол үдеден шыға білді. Кейін ол өзінің мамандығына байланысты мыс қорыту зауытындағы жұмысына ауысуына байланысты қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы қызметінен кетті. Қоғам төрағасы болып Асқар Ермекбаев сайланды.

Жезқазған, Сәтбаев қалаларының беделді азаматтарының басшылығымен көптеген жұмыстар жүргізілді. Қазақ мектептерін, қазақ балабақшаларын ашу, көше атауларын өзгерту, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, ұлттық мерекеміз Наурыз мерекесін тойлау, ұлттық киім тіккізу, кез келген іс-шараға ұлттық нақыштар мен сипаттарды енгізу сияқты мәселелер орындала бастады. Бұл тізіп айтып өтуге оңай, ал оны іске асыру зор күшті талап етті. Біз шаршауды білмедік, күндіз өз жұмысымызды, кешке қоғамның жұмысын істедік. Үйлерді аралап, балабақшаға балалар жинадық.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді халық даналығы. Сол кездерде қазақ балабақшасы ұлттық тәрбиенің бесігі сияқты саналды. Тіл жанашырлары (мектеп мұғалімдері, білімін жетілдіру институтының қызметкерлері, Жезқазған педагогикалық институтының оқытушылары) ең бірінші жұмысты балабақшалардың даярлық топтарында қазақ тілі сабағын жүргізу керек деп шештік. Қалалық оқу бөлімінің, «Жезқазған кен-металлургия комбинаты балалар секторының алдына осындай талап қойдық. Алматыға барып, қазақ балабақшаларының іс-тәжірибелерін үйреніп келдік. Сең қозғалды. Бірте-бірте басшылықтың алдына қазақ балабақшасын ашу керек деген талап қойдық. Сөйтіп, 1989 жылы 1 қыркүйекте «Балауса» атты қазақ балабақшасы ашылды. Бұл аса жауапты және күрделі жұмысқа көмектескен сол кездегі комбинаттың партия комитетінің хатшысы Мыңжасар Айсаутовтың беделі айтарлықтай болды. Осы уақытқа дейін алыста жүрсе де «Мыңжасар қалқам, қайда жүрсең де абыройлы, жолың болып жүрсін» деп тілектес болып отырамын. Қазақ балабақшасын ашу туралы ресми құжаттың қабылдануы, әрине, қуанышты оқиға. Алайда ашылған балабақшаның жұмысын жүргізіп кету деген міндет шығатыны сөзсіз. Намысты қолдан бермеу керек. Ол үшін алғашқы қазақ балабақшасының жүргізіп кететін мықты мамандардың басын құрау керек. Оқу-тәрбие жұмыстарына қажетті материалдық-техникалық базаны, аса қажетті әдістемелік құралдар қорын жасау қажет болды. Тақыр жерге бау-бақша салу ісі қандай болса, «Балауса» қазақ балабақшасының тәй-тәй басып жүріп кетуі де соншалықты қиын әрі жауапты болды. Біз ол қиындықты да жеңе білдік. Айта кетейін, қазақ ақын жазушыларының өлең-ертегі кітаптарын, қазақ композиторларының балаларға арналған әндерін тірнектеп жүріп жинадық. Орыс тілінде жазылған әдістемелік құралдарын қазақшаға аудардық, қазақи тәрбиеге бағыттап қосымшалар енгіздік. Тәрбиешілерді іздеп таптық, балабақша тәрбиешісі деген дипломы болса да орыс балабақшаларында күтуші, кір жуушы болып жүрген дарынды қазақ қыздарын балабақшаға тарттық, жұмысқа қабылдадық. Иә, алдымызда бір ғана мақсат тұрды. Ол – жылдар бойы жұмыс істеп тәжірибе жинақтаған, дәстүрі қалыптасқан орыс балабақшаларынан «Балауса» қазақ балабақшасының бойын төмендетпеу, қазақ балабақшалары да уақыт талабына сай жұмыс істей алатынын іспен дәлелдеу.

Қазақтың даңқты ақыны С.Торайғыровтың «Сүйемін туған тілді – анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім» деген аталы сөзін ұран еткен «Балауса» қызметкерлері осы жолда барын салды, тер төкті. Абай атамыздың «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген ұлағатты өсиетін ұстаным еткен тәрбиешілерге деген алғысым ерекше. Қазақ балабақшасы ашылыпты дегенді естіп Дүйсеков Октябрь, Нұрлан деген ек суретші жігіт келіп, балабақшаның ән-күй залын безендіріп кетті. Ұлттық киім киген кішкене балалардың билеп жүрген, ән айтып, асық ойнап отырған суреттерін көріп қатты қуанып қалып едік.

Әр жұма күнін «Имандылық күні» деп белгілеп, ата-аналар, балалармен ертегі мысалдар арқылы отбасы мүшелері және оларды құрметтеп сыйлау керек деген тақырыпта әңгімелер өткіздік. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы (төрағасы Қайырбек Садуақасов) балаларға арналған музыкалық аспаптар сыйға тартқан еді. Көп ұзамай музыка училищесінің мұғалімі Рымбек Жарқынбековтің жетекшілігімен «Бәйшешек» ансамблі құрылып, Сәтбаев алаңында халық алдында шығып, өз өнерлерін көрсетті. Еңбегіміз жанып, ата-аналардан, халықтан алғыс алдық.

Алғашқыда 8 баламен ашылған балабақша қуаттанып, балалар саны жыл аяғында 175-ке жетті. Қаланың басқа жерінде де қазақ балабақшалары ашыла бастады. Екі-үш жылдың ішінде 5-6 балабақша жұмыс істей бастады.

Біздің жұмысымыз Сәтбаев, Балқаш, Қаражал сияқты басқа қалаларға үлгі бола бастады. «Балаусалықтар» да өз білімдерін жетілдіру мақсатында Семей, Қостанай, Павлодар қалаларына барып тәжірибе алмастық. Алматыда өткен Тәуелсіздіктің біржылдық тойына қатысып, Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде іс-тәжірибемізбен бөлістік. Келесі жылы Жезқазғанда өткен республикалық педагогикалық ғылыми-практикалық конференцияда да «Балаусаның» жұмысы сөз болып, азды-көпті еңбегім бағаланып «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» деген белгімен марапатталып, ҚР Білім министрі Шәмша Беркімбаеваның қолынан алғыс хат алдым. Міне, қазақ тілінің, қазақи тәрбиенің қарлығашындай болған «Балаусаның» алғашқы аяқ алысы осындай болды.

«Балауса» қазақ балабақшасында бірінші рет Наурыз тойы 1990 жылы 17 сәуірде өтті. Сүйіншіден бастап, шілдехана, бесік тойы, қырқынан шығару, тұсау кесу, тоқым қағар, құда түсу, ерулік беру деген дәстүр үлгілері көрсетілді. Шақырылған қонақтар өте риза болды. Ұмытыла бастаған көп құндылықтарымызбен қайта табысқандай болған көрермендеріміз киіз үйді, әдемі текемет, сәнді бітпес, көрпе-жастақ, сырмақтарды, байырғы үй жиһаздарын көріп таң-тамаша болды. Балалардың аз уақытта үйренген өлеңдерін, ән-билерін тамашалады. Айта кету керек, бұл Наурыз тойын өткізуге қаланың тарихи-археологиялық мұражайы айрықша көмек көрсетті. «Балауса» балабақшасының іс-тәжірибесін қалалық, облыстық, республикалық радио-теледидар, газеттер айтып, жазып жатты. Біздің жұмысымызды көпшілікке насихаттап, абыройын асырып жүрген сол кездегі «Мысты өңір» газетінің редакторы Нұрперзент Домбаев, журналист Аманғали Әбуов, радиоқызметкері, қазір Республикалық радиокомитетінің басшысы Базаркүл Үмбетовалардың еңбегі ұмытылмақ емес.

Біздің тәрбиешілер ертегілерді сахналайтын кішігірім қуыршақ театрын ашты. Бұл бөлім қаланың басқа балабақшаларына барып, жас көрермендерді қуантып жүрді. Балабақша тәрбиешілері өз ісінің мамандары болды, сегіз қырлы бір сырлы, ән айтып, домбыра тартатын, ою ойып, кесте тігетін. Ши тоқып, текемет басатын, сурет салатын қыздар болды. Құралай Бабасова, Гүлсара Жылқайдарова, Ақмарал Жұмаділдинова, Жанат Жылтыркөзова, Гүлсайра Қайсарова, Бану Қуанбаева, Гүлнар Қатшабаева, Әуес Тұрлыбекова, Света Сәтенова, Айсұлу Таңатова тағы басқа өнерлі жастар қолға алған жұмысымыздың нәтижелі болуына зор үлес қосты. Қазір көбісі осы қалада әр салада қызмет істеп, абыройлы болып жүр. Мына бір өлең жолдары сол маман қыздарыма арналған еді:

Тәрбиеші қыздарым,  
Осы жолды бұзбағын.  
Ана тілін меңгеріп,  
Өссін ұл мен қыздарың.  
Еңбектерің жемісті,  
Өнерлерің келісті,  
Алдыңнан ұшқан балапан  
Атқарар болсын мол істі.  
Елінің болсын ұланы,  
Халқының болсын қыраны.  
Аузында болсын әрдайым  
Қазақтың халық жыр-әні.

Иә, бұл ұлттық құндылықтарымызды қайта жандандыру мақсатындағы игі істердің бастау алған кезеңінің бір көрінісі еді. «Балауса» және оның жетістіктері осыдан отыз жыл бұрынғы ер-азаматтар мен қыз-жігіттердің зор белсенділігінің арқасында дүниеге келген оқшау оқиға болатын.

Тіл, діл, дін мәселесі төңірегіндегі қордаланып қалған мәселелерді түбірінен қопарып, оларға деген көзқарасы өзгерту, сөйтіп ұлт болмысының сақталып қалуына қызмет ететін шараларды жүзеге асыру бірлі-жарым адамның қолынан келмейтіні белгілі. Бұл – Кеңестің сірескен жүйесінің тігісін сөгу деген сөз. Ол үшін үлкен күш керек. Төлеген Бүкіров, Асқар Ермекбаев, Болат Дүйсенбаев, Төкен Әлжантегі, Қазира Жандәулетова, Айжан Жүнісова, Ә.Нұрлыбаев, Мұратбек және Рысқұл Медетбековтер, Тлеуберген Кәрсенбаев, Н.Оспанова, Роза Бекжанова, Ғазиз Ештанаев, Бәтима Қажыбаева, Төлеутай Қазанғапов, т.б. азамат-азаматшалар үлкен істің бастау тұсында жүрді. Қайырбек Сәдуақасов, Сәбит Байдалин, Әлихан Байменов, М.Хамзин, Кенжеболат Жолдыбаев т.б. ұлжанды жерлестеріміз маңызды істің баянды болмағы үшін қызмет етті. Ең бастысы, «Балаусадан» басталған ұлттық серпіліс ауқымын кеңейте берді. Қаламыздың кәсіпорындары мен мекемелерінде қозғалыс, серпіліс басталды.

Қазір осы оқиғалар тарих қойнауына қарай сырғып барады. Сол уақыттың оқиғалары да, тіл жанашырларының есімдері де ұмытыла бастағандай. Иә, уақыт өтті, заман өзгерді. Тіл тағдырын өзек еткен мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Заң пәрмені күшейді. Айта кету керек, ұлттық құндылықтарды насихаттау, дәріптеу мақсатында игі істер қолға алынуда. Бұл бізді қуантады. Алайда, бір кездері босағадан сығалап қалған қазақ тілі лайықты төріне шықты ма? Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда қандастарымыздың жаппай мемлекеттік тілде сөйлеуі, қазақ тілінің мемлекеттік құжат тіліне айналуы көңіл көншіте ме? «Әттеген-ай» дейтіндей көріністер әлі де бар.

Қазақ тілі – қазақ үшін ғана қажет құндылық. «Я Вас не понимаю» деп иығын қиқаң еткізетін қазақтарды әлі де көріп жүрміз. Білімі, түсінігі жетіспейді деп айтуға ауыз бармайды. Киім киістері, жүріс-тұрыстары, қызметтері келісті-ақ. Ал ана тіліне деген самарқаулығы жаныңды жүдетеді. Бұл – ұлттық намыстың жоқтығы. Басқа ештеңе де емес. Алдыңғы аға буын өкілдерінің бағыты осындай болса, ел тізгінін ұстайды деген жастарымыз кімнен үлгі алсын?!

Мен біраз жасқа келген, қазақ тілінің тағдыры үшін тартысқа түскен адамдардың бірімін. Тіліңді қор қылып, өз тілінде сөйлеуге намыстанып, ұлттық діліңнен адасып қалсаң сенің кім болғаның. Деректерге сүйенсек, технологиялық даму заманында да тілдердің өлу процесі болады екен. Алдағы ғасырларға қандай тілдер аман-сау жете алады? Кез келген қазақ осы жайында ойлануы қажет.

Осы жерде тілді, басқа да ұлттық құндылықтарды сақтайтын орта қайсы деген сауал туады. Ол – отбасы, қазақ балабақшасы, қазақ мектептері. Осы үшеуінен тәлім алған бала қалған тілдерді де меңгере алады, заман талаптарын шапшаң ұғынатын ұрпақ болып қалыптасады. Әр отбасының мүшесі қазақ тілін анамның тілі деп құрметтеп, үлкендерін сыйлап, ымыра бірлік, татулықты сақтаса, әркім өзінің қоғамдағы атқарар жұмысын ар-ұятпен, адамгершілікпен атқарса, ұлт тағдырына қосқан үлес осы болар еді.

Кешегі тоқсаншы жылдары тіл мәселесі төңірегіндегі күрес ішінде жүргендер – баба аманатына адал болайықшы деген жандар. Ендеше бүгінгілер де сол еңбектің еш кетпеуін, ең бастысы ата-баба аманатына қиянат жасалмауын ойлағаны жөн. Қазақ тілі – аманат мұра, ағайын.

**PS.** *Биылғы жылы қаламызда «Қазақ тілі» қоғамының құрылып, жұмыс істей бастағанына 30 жыл болады. Қазақшамыз жөнделіп, салт-дәстүрімізді дәріптеп, іс-қағаздарын қазақшалап біраз жақсарып қалдық. Дегенмен, «Я Вас не понимаю» дейтін жастар қатары азаймай отыр. Кейбір ата-аналар балаларың қай бақшаға, қай мектепке беруін де ойланатын болды. Көшеде, үйде аралас сөйлесетін отбасылары да баршылық.*

*Бұл мақала аға-буын өкілдерінің ана тіліміздің қазіргі халіне алаңдаушылықтан туған еді.*

*Ана тілің арың бұл*  
*Ұятың боп тұр бетте*  
*Өзге тілдің бәрін біл*  
*Өз тіліңді құрметте! – деген сөз әр қазақтың бойтұмары болса ғой, шіркін?!*

**Шүкір МОЛДАҒАЛИЕВА,**
**ҚР Білім беру ісінің үздігі, тіл жанашыры, бұрынғы «Балауса» қазақ балабақшасының меңгерушісі, «Ақ әжелер» этнографиялық ансамблінің жетекшісі.**



# РАМАЗАН ҚАЙТСЕ ПАЙДАЛЫ ӨТЕДІ?

**Рамазан айы – береке мен жақсылыққа толы ай. Рамазанның өзге айлардан ерекшелігі – Алла Тағала бұл айда Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с) Құранды түсіріп бастаған, оразаны парыз қылған. Бұл айда жәннат қақпалары ашылып, тозақ қақпалары жабылады. Бұл айда – Құран молынан оқылып, дұғалар көп жасалады. Бұл айды оразамен, ғибадат-құлшылықпен өткеріп, Алланың мейірім-берекетінен молынан ұстап қалу керек. Себебі, бұл ай нөсерлеп жауған көктемгі жаңбыр іспетті, кім бақшасын соған дайындаса берекетін көреді, ал кім немқұрайлы болса, мақұрым қалады. Ендеше, Рамазанды қалай тиімді пайдаланамыз?**

Имандылық шырағдары

Ораза – кей адамдардың ойлағанындай, тамақ пен сусыннан тыйылу ғана емес. Алла Тағала бұл айды мұсылман адамның күнәлары мен қателіктеріне кешірім жасауына басшылық етті, ендеше әр мұсылман адам бұл айды ең кемел түрде қарсы алып, кемел түрде өткізуі керек. Мұсылман жұртшылығына Рамазанды барынша пайдалы өткеруі үшін мынадай кеңестер береміз:

– Шынайы тәубе. Оразаның негізгі мақсаты – шынайы тәубе жасау. Тәубе – Аллаға жақындататын алғашқы қадам. Тәубенің шарттары: күнәлардан алыс болу; жасаған күнәлары үшін кешірім тілеп, жасағаны үшін өкініш таныту; ол іске қайта оралмау; шынайы иманмен салиқалы іс жасауға бел буу; егер жасаған күнәсі себепті әлдекімге зиян келтірген болса, ақысын қайтару.

– Парыз амалдарды орындау: бес уақыт намазды толық оқу; қазаларын толықтыру; зекеттің уақыты келсе өтеу.

– Бекітілген сүннеттерді толық оқу;

– Бекітілмеген сүннеттерді оқу: тәһажжуд, дұха, асыр мен құптан намазының алдындағы төрт рәкағат сүннеттер т.б.

– Тарауих намазын оқу;

– Тілді жаман сөздерден сақтау: ғайбат, өсек-өтірік, сөгіс айтпау, жамандамау;

– Құлақты харамнан тыю: өсек айтылатын орындардан алыс болу, жаман сөзді адаммен бірге отырмау, мән-мағынасыз өлең тыңдамау, қасыңызда біреу жаман айтып бастаса, оған «тоқтат, доғар» деп оразаның ізетін көрсету;

– Көзді тыю: жаман нәрсеге қарамау, тәбет шақыратын тағамдарға қарамау, ашық-жалаңаш киінген адамдардан көзді тыю, мән-мағынасыз бағдарламалар мен жөн-жосықсыз сериалдар көрмеу;

– Бес уақыт намазды уақытылы оқу;

– Рамазан бойы күнделікті Құран оқу: шамасы келсе күніне бір парадан, шамасы келмесе оқи алғанынша, бірақ тұрақты түрде оқып тұру;

– Күніне бір немесе бірнеше хадис оқып, жаттап тұруы;

– Рамазан Құран айы екенін ескеріп, күніне бірер аяттардан жаттап тұру;

– Барынша көп зікір жасау: жүргенде, отырғанда «Субханаллаһ, Алхамду лилләһ, Аллаһу Акбар, Лә иләһә иллаллаһ» деп жүру;

– Барынша дәретпен жүруге тырысу;

– Отыз күн бойы аздап болса да күнделікті мұқтаж жандарға садақа беру, мысалға бір адам оразада 3000 тенге садақа бергісі келсе, оны отызға бөліп күнделікті 100 тенгеден беру.

– Араздасып жараспай қалған адамдардың араларын түзеуге тырысу;

– Өзгелерге көмектесу әрі жомарттықты қалыптастыру.

– Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өмірімен танысу, Сира кітап оқу;

– Сәресі мен ауызашар уақытында Пайғамбар (с.ғ.с) дұғалары мен көркем дұғаларды оқу, алайда ұзақ созып жібермеу.

– Рамазанның көркемдігін өзгелерге жеткізуге тырысу, ораза ұстамағандарға насихат жасау;

– Ауыз ашуға асығу, ауыз бекітерде бірнәрсе жеу, себебі онда береке бар;

– Әке-шеше мен жақын туысқандарға жақсылық жасауды ұмытпау;

– Қиындық шегіп жатқан мұсылмандарға дұға жасау;

Міне, бұл айтылғандар – Рамазан айында жасалуы мүмкін қайырлы да салихалы істер. Бәлкім, кей адамдар бұларды жайшылық уақытта да жасап жүрген шығар, алайда осы берекелі айдың құрметіне, Аллаға тағы бір табан жақындау мақсатында осы амалдарды іске асырсақ, өзіміз үшін де, дініміз үшін де көп нәрсе істеген боламыз.

Рамазан айы берекелі болсын. Алланың рақымы жаусын!

# ОРАЗА – ЖАННЫҢ АЗЫҒЫ, ТӘННІҢ ШИПАСЫ

***Мамыр айының 19-нан 20-на қараған түн – Қасиетті Қадір түні. ҚМДБ төралқасының шешімі бойынша биылғы пітір садақа жан басына 370 теңге болып бекітілді.***



Құранда парыз етілген оразаға ата-бабаларымыз ешқашан бей-жай қарамаған. Ауыз бекіткен жанның сауабын жомарттығы мол Жасаған иенің өзі өлшейтіндігін, бес күндік тіршіліктің мәні құлшылықта екендігін, бұ дүниенің – бейнеті, ақыреттің – зейнеті екенін мұсылман қауым жақсы түсінген. Сол себепті ғапылдыққа ұрынбай, мұсылмандық парызды өтеуді міндет деп қараған. Сондықтан да жылына бір келер отыз күн оразаны барынша құрметпен қарсы алған.

Рамазан айында Жаратушының мейірімі төгіліп, рақымы жауатынын, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өнегесін дәріптейтін, пәни өмірдің – жалған, бақи өмірдің – арман екенін түсіндіретін жарапазан айтқызған. Ел бірлігінің ұйытқысы дінде екенін жақсы білген бабаларымыз тіршілігінде мұсылмандық міндеттерді халыққа насихаттап отырудан жалықпаған. Қол қусырып, құбылаға бет түзеу, ораза ұстап, бес уақыт намазды қаза қылмау - көкейіне жиғаны, көкірегінде иманы бардың белгісі деп білген. Жалпы Ораза (араб.: صوم «ас-саум» – өз нәпсісін тыю, жаманнан алыстау, парс روزه «ураза» – күндік) – тәуліктің күндізгі уақытында ауыз бекіту. Ораза ұстау исламның негізгі бес парызының үшіншісі. Ораза ұстаған адам таң атқаннан күн батқанға дейін ниетін бекітіп, ішіп-жеуден, басқа да оразаны бұзатын нәрселерден аулақ болуы тиіс. Мұсылмандарға рамазан айында ораза ұстау – парыз.

«Рамазан – адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы. Бақара аятында: «Рамазан айы туғанын көрген адам ораза ұстасын. Кімде-кім ауру болып, әйтпесе сапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Алла сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді» делінген. Ораза ұстаудың шарты ғибадат болғандықтан оны парыз ретінде кімнің орындауға міндеттілігі немесе кімдердің босатылатыны, қабыл болу-болмауының шарттары, бұзылатын немесе бұзылмайтын жағдайлары шариатта бекітілген. Ораза адамның рухани-интеллектуалдық өсуіне, тақуалыққа жетіп, Құдайға жақындай түсуіне ықпал ететін ғибадат екендігі жайлы хадистерде жеткілікті.

Қазақ дәстүрлі қоғамында ораза ғибадатын өтеуге байланысты ислам әдебімен орайлас, халықтың тұрмыс-салтына етене болып қалыптасқан игілікті дәстүрлері де бар. Пайғамбар өсиетіне сай «таң сәресін» шүйіркелесіп ішу отбасының берекесін кіргізеді. Рамазан айында өзара «ауызашарға» шақырысу дәстүрге айналған. Аузы берік адамның бос сөзден, орынсыз әрекеттерден бойын аулақ салып, жаман істерден тыйылуы, ғибадатын арттырып, бос уақытын дін іліміне тереңдеп, зікір, салауат айтумен өткізуі абзал. Бұл да оразаның сауабын арттыратын амалдар.

Оразаның қоғамдағы пайдасы – жаратушы мен адам, адамдар мен әлем арасындағы түсіністік артып, мейірімділігін арттырады. Адамдар ырзық-несібенің қадірін түсініп, дәулетті мен жоқ-жітік арасында байланыс орнайды. Парыз оразадан басқа уәжіп, сүннет, мұстахаб, мәндүп, нәпіл, мәкру оразалар бар. Ораза белгілі бір себеппен бұзылған жағдайда қазасын өтеуге болады, ал себепсіз қасақана бұзылған ораза өтеуіне кәфәрат оразасын тұтынады.

Ораза ырыс-берекенің қадірін білдіреді. Негізі адам баласы өзіне берілген нығмет пен ырыс-берекенің қадірін біле бермейді. Егер де адам баласы ауыз бекітіп, күні бойы аш қалғанда, тағамның Ұлы Жаратушының құнына жайған дастарқанындағы үлкен ырыс-берекесі екенін аңғарады. Ол күні бойы аш қалып, кешқұрым ауыз ашқанда, аузына салған қатқан нанның да қаншалықты қадірлі екенін сезеді. Тоқ адамның дәл солай сезуі әсте мүмкін емес. Ораза, сабырлылық пен төзімділікке үйретеді. Ай бойы аш қалып, күндіз аузын ашпауға бекініп, әбден дағдыланған адамның бойында сабырлылық пен шыдамдылық сезімі күшейіп, өркен жаяды. Аштық пен құмарлық сезімге сабыр қылған, өзгеге де сабыр ете алады. Бойдағы ашу мен жеңілдігіне сабыр-тізгінін салып, жанарында ойлылық пайда бола бастайды. Бұл ғұмырда нағыз сабыр – өз нәпсісін жеңе біліп, Аллаһ Тағаланың ақ жолында жүруге бел байлау. Ақырет әлеміндегі асқақ тыңнан көз айырмау. Оразаға төзе білген өзге ғибадаттарға да шыдамдылық таныта алады. Сабырлылық күшіне ие болған жан ғана, діттеген мақсатына жете алады. «Оразалымен оттас бол, имандымен жолдас бол» демекші, елімізде Рамазан айының қасиетін парықтап, ораза ұстаушылар қатары жылдан-жылға молайып келе жатқанын ескерсек, бақыттың басы бізге де бұрылуы алыс емес сияқты. Лайым солай болғай!

**Нұрбол ТАҒАЕВ,**
**Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы**

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ОРАЗА КЕСТЕСІ

| Рамазан күндері | Сәуір-Мамыр айлары | Апта күндері | Сәресі ішу осы уақытқа 10 мин қалғанда тоқтатылады | Ауызашар уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 24 Сәуір | Жұма | 04:46 | 20:35 |
| 2 | 25 Сәуір | Сенбі | 04:43 | 20:37 |
| 3 | 26 Сәуір | Жексенбі | 04:41 | 20:38 |
| 4 | 27 Сәуір | Дүйсенбі | 04:39 | 20:39 |
| 5 | 28 Сәуір | Сейсенбі | 04:36 | 20:41 |
| 6 | 29 Сәуір | Сәрсенбі | 04:34 | 20:42 |
| 7 | 30 Сәуір | Бейсенбі | 04:32 | 20:44 |
| 8 | 1 Мамыр | Жұма | 04:29 | 20:45 |
| 9 | 2 Мамыр | Сенбі | 04:27 | 20:46 |
| 10 | 3 Мамыр | Жексенбі | 04:25 | 20:48 |
| 11 | 4 Мамыр | Дүйсенбі | 04:23 | 20:49 |
| 12 | 5 Мамыр | Сейсенбі | 04:20 | 20:50 |
| 13 | 6 Мамыр | Сәрсенбі | 04:18 | 20:52 |
| 14 | 7 Мамыр | Бейсенбі | 04:16 | 20:53 |
| 15 | 8 Мамыр | Жұма | 04:14 | 20:55 |
| 16 | 9 Мамыр | Сенбі | 04:11 | 20:56 |
| 17 | 10 Мамыр | Жексенбі | 04:09 | 20:57 |
| 18 | 11 Мамыр | Дүйсенбі | 04:07 | 20:59 |
| 19 | 12 Мамыр | Сейсенбі | 04:05 | 21:00 |
| 20 | 13 Мамыр | Сәрсенбі | 04:03 | 21:01 |
| 21 | 14 Мамыр | Бейсенбі | 04:01 | 21:03 |
| 22 | 15 Мамыр | Жұма | 03:59 | 21:04 |
| 23 | 16 Мамыр | Сенбі | 03:57 | 21:05 |
| 24 | 17 Мамыр | Жексенбі | 03:55 | 21:06 |
| 25 | 18 Мамыр | Дүйсенбі | 03:53 | 21:08 |
| 26 | 19 Мамыр | Сейсенбі | 03:51 | 21:09 |
| 27 | 20 Мамыр | Сәрсенбі | 03:49 | 21:10 |
| 28 | 21 Мамыр | Бейсенбі | 03:47 | 21:11 |
| 29 | 22 Мамыр | Жұма | 03:45 | 21:12 |
| 30 | 23 Мамыр | Сенбі | 03:43 | 21:14 |

*Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.*

# АУЫЗ БЕКІТКЕНДЕ ЖИІ БОЛАТЫН 10 ҚАТЕЛІК

**Рамазан айында ораза ұстау барысында денсаулыққа қатысты ескеретін маңызды мәселелер бар. Себебі, ораза кезінде жасаған қателіктеріміз денсаулығымызға зарарын тигізуі мүмкін. Мәселен, ауызашар кезінде апыл-ғұпыл тамақтану, сәресіне тұрмау, майлы тамақ не тәттіні көп жеу секілді әрекеттер денсаулығымызға зиянын тигізуі мүмкін. Сол үшін Түркияның тамақтану және диета маманы Ханде Севен Авук Рамазан айында ораза ұстаушыларға мына 10 қателікке ұрынбауды ескертіп, өз кеңестерін береді.**

***Апыл-ғұпыл тамақ жеу***

Сәресіден ауызашарға дейін аш жүргендіктен қандағы глюкозаның деңгейі түсіп кетеді. Бұл адамда алдына келгеннің бәрін бір сәтте жалмап жеп қою сезімін оятады.

Ал, асығыс-үсігіс, апыл-ғұпыл тамақ жеу глюкозаның бір сәтте көтерілуіне және ауызашар дастарханынан кейін бірден ұйқының келуіне, сондай-ақ бас ауруына себеп болады. Сонымен қатар, тамақты әбден шайнамай жұта салғандықтан ағзаңызда тоқтық гормоны бөлініп үлгермей, бұдан қарын тоймағандай боп, небір көз жауын алар тәтті тамақтардан бас тарта алмай, қажетті мөлшерден көп тамақтанып қоюыңыз мүмкін. Бұдан асқазаныңыз ас қорыта алмау проблемасына душар болып, Рамазаннан кейін салмақ қосу проблемасына тап боласыз.

***Сәресіге тұрмау***

Егер сіз «Сәресіге тұрмай-ақ, тамақты кештеу ішіп жатармын, ұйқым бөлінбесін» десеңіз, денсаулығыңызды тағы бір ойлаңыз. Сәресіге тұрмасаңыз, келесі күні ауызашарға, тіпті, ашығып жетесіз. Бұл жоғарыда жазғанымыздай, тағы да тамақ жеу жүйеңіздің бұзылуына әкеп соғады. Бұған қоса, сәресінде жейтін жұмыртқа, сүт, ірімшік, нан, айран, жеміс-жидек, қызанақ, қияр секілді құнарлылығы жоғары тамақтар жемегендіктен жүйесіз тамақтанудан туындайтын денсаулық проблемаларына шалдығуыңыз мүмкін. Ал, Рамазанда бір мезгіл ғана тамақтану энергия жетіспеушілігіне әкеп соғып, әлсіздік, бұлшықет атрофиясы, остеопороз, шаштың түсуі, анемия секілді ауруларға жол береді.

***Майлы тамақ жеу***

Майлы тамақтардың асқазанда қорытылу уақыты ұзақ әрі сіңуі баяу. Сондықтан да, сәресі және ауызашар кезінде майға қуырылған, майлы, соусты және кремді тамақтардан аулақ болыңыз.

Әсіресе, ауызашар уақыты өте кеш, ал ауыз бекіту уақыты ұзақ болғандықтан, сондай-ақ сәресін іше салып, жатып қалатын жағдайлар жиі болатындықтан, ағзада зат алмасу процесі (метаболизм) баяулайды, ал, майлы тамақтар жылдам салмақ қосуыңызға себеп болады. Дәміне қызығып, қуырылған тамақ жегеннен гөрі пеште пісірілген, отта қақталған, буға не суға пісірілген деген секілді денсаулыққа пайдалы әдістермен дайындалған тамақтарды пайдаланыңыз.

***Жеміс-жидекті артық не кем жеу***

Маусымдық жемістер, әсіресе, бойында А, С дәрумендері бар, талшықты, антиоксидантты, шырынды жемістер – салауатты тамақтанудың бас тартпас азықтары.

Жүрек, бұлшықет, буын ауруларынан және қатерлі ісіктен қорғайтын ең маңызды азықтарды қамтитын жеміс-жидектерді аз не шектен тыс көп пайдалану денсаулық проблемаларына әкеп соқтырады. Ауызашар мен сәресі арасы өте қысқа болғандықтан, кейде жеміс-жидек жеуді ұмыттырып жібереді.

Дегенмен, жеміс-жидекті шектен тыс көп жеу де қауіпті. Сондықтан да, Рамазанда 2-3 порция ғана жеміс-жидек жеңіз. Әйтпесе, әсіресе, қауын, қарбыз, інжір, жүзім, құрма секілді құрамында қанты бар жеміс-жидектер белдің айналасына май жиналуына себеп болады.

***Сүт өнімдерін аз пайдалану***

Сүт, айран, ірімшік, құрт секілді азықтар сапалы протеин, кальций, фосфор, мырыш секілді минералдар мен B6, B12 секілді маңызды дәрумендердің қайнар көзі.

Сүт және сүт өнімдерінің құнарлылығы жағынан айран пробиотиктерге бай. Рамазан айында жүйелі түрде пайдаланылған жағдайда іш желденуі, ас қорытпаушылық, іш қату секілді ас сіңіру проблемаларына жақсы әсер етуімен қатар, бойға қуат беріп, ауруларға қарсы қорғаныс қызметін жақсартады. Сонымен қатар, қажетті сұйықтықтың орнын толтыруды да қамтамасыз етеді. Сәресі мен ауызашарда не жеңіл-желпі ас ретінде күніне 2 стақан сүт не айран секілді сүт өнімдерін пайдалану керек. Сүт өнімдерін пайдалануды азайту бұлшықет атрофиясы, остеопороз, ас қорытпау секілді проблемаларға жол беруі мүмкін.

***Жеткілікті мөлшерде су ішпеу***

Адам ағзасының орташа 60 пайызын құраған суды жаздың ыстық күндерінде терлеу арқылы жоғалтамыз.

Рамазан айында жеткілікті мөлшерде су ішпеу, әсіресе, іш жүрмеу секілді ас қорыту проблемаларына, әлсіздік, бас ауруы, концентрацияның бұзылуы, бұлшықет спазмы секілді денсаулығымыздың маңызды құндылықтарының бұзылуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан да Рамазан кезінде ағзаңызды шөлдетпес үшін ауызашар мен сәресі арасында кемі 2-2,5 литр су ішуіңіз керек. Егер су ішуді ұнатпасаңыз, айран, қантсыз компот, өсімдік шайларын, минералды су секілді суға балама сұйықтықтар ішіңіз.

***Самса жеуде шектен шықпау***

Иісі мұрныңды жаратын небір самсалар Рамазан дастарханының сәні екені жасырын емес.

Етті, ірімшікті самсалардың біреуінің өзі жоғары калориялы азық болып табылады. Көмірсуға да бай. Сондықтан да, ауызашар кезін де қызығып шектен көп самса жеп қойсаңыз, Рамазан біткен соң арықтау үшін диета ұстануыңызға тура келеді.

***Шәрбат десерттер***

Шәрбат қосылған десерттер диабет қантымен дайындалған десе де, ұн мен майдан-ақ тәттіге бай болады.

Осы себепті мұндай шәрбат не қант қосылған десерттердің орнына сүт өнімдерінен жасалған не жемісті десерттерді таңдағаныңыз дұрыс. Тек мөлшеріне көңіл бөліңіз. Себебі, жемісті десерттер де ішіндегі фруктозаның себебінен қан құрамындағы глюкозамен жылдам байланысқа түсетін көмірсуларға бай болады. Сол себепті аптада бір-екі реттен артық жемеген абзал. Бел аймағына май жиналуына байланысты, әсіресе, торт, бәліш, пахлава секілді жоғары калориялы десерттерден алшақ болыңыз.

***Тамақ жеген соң ұйықтау***

Күні бойғы жұмыс, кептеліс стресі, аштық, шөлдеуден кейін ауызашар кезіндегі апыл-ғұпыл әрі тоя-тыңқия тамақ жеу әрі бірден көтерілетін глюкозаның себебінен тәтті ұйқы сізді өзіне тартуы мүмкін. Бұған жол бермеңіз!

Өйткені, тамақ ішер-ішпестен ұйықтауыңыз жылдам салмақ қосуыңызға себеп болады. Тамақтан ішіп болған соң 1-1,5 сағаттан кейін 30-40 минуттай жаяу жүру қандағы қанттың мөлшерін, қан қысымын, жүректің саулығын сақтайтын болады.

***Тамақ мөлшеріне назар аудару***

Қарын ашқан соң, әлбетте, жылдам тамақтануды қалайсыз. Ауызашар үшін дайындалған көздің жауын алатын, иісі мұрын жаратын дастарханға алданып, мөлшерлі ішуді ұмытып кетпеңіз. Сондықтан да, ауызашарды сорпамен бастап, тамақты әбден шайнап жеп, асқазанның тоқтық үніне үнемі құлақ түріп отырыңыз.

**Салтан САЙРАНҰЛЫ**

# ПІТІР мен ЗЕКЕТ

## *мобильді қосымша арқылы да төленеді*

**Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты Рамазан айында берілетін пітір садақасы мен зекетті kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы аударуға болады.**

Елордада Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының төрағалығымен онлайн режимде өткен Төралқа мәжілісінде осындай шешім қабылданды.

ҚМДБ және банк басшылығы арасында жасалған келісімге сәйкес, бұл жоба қасиетті Рамазан айында жүзеге аспақ. Бүгінде ортақ жобаның қосымша жұмыстары қалды. Жұмыс толық аяқталған соң жақын күндерде онлайн садақа беру жобасы іске қосылады. Бұл туралы қосымша хабарланады.

Мобильді қосымшаға әр облыс пен республикалық маңызы бар қалалардағы орталық мешіттердің есепшоты енгізіледі. Әр азамат өз өңіріндегі мешіттің есепшотына пітір садақасы мен зекетін үйден шықпай онлайн режимде аудара алады.

Айта кетсек, **ҚМДБ Төралқа мәжілісінің шешімімен биыл бір адам атынан берілетін пітір садақа мөлшері 370 теңге** деп бекітілді. Пітір садақаның құны екі келі ұнның республика бойынша есептегенде нарықтық орташа бағасымен шығарылды. Ал материалдық жағдайы бар азаматтар пітір садақаны мейіз немесе құрма құнымен бергені абзал.




Өз қажеттілігін қоспағанда мал-мүлкі, дүниесі күміс нисабына жеткен, яғни 127 мың теңгесі бар адам Рамазан айында өзі және отбасы үшін пітір садақасын беруі – уәжіп (міндет). Пітір садақасы пенденің ораза кезінде жіберіп алған қате-кемшіліктерінің өтеуі үшін және көмекке мұқтаж жандарды материалдық қолдау мақсатында беріледі.

**Биыл қасиетті Рамазан айы 24 сәуірде басталады.** Төтенше жағдайға байланысты жұқпалы індеттің алдын алу үшін мешіттерде жұма, тарауық, күнделікті жамағат намаздары уақытша оқылмайды. Сонымен қатар мешіт пен қоғамдық орындарда ауызашар берілмейтін болды.

*Дереккөз: **muslim.kz***





# КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ

**Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы және филиалдары әлеуметтік әріптестермен біріге отырып әлеуметтік әріптестік туралы келісімге сай білім беру ұйымдарындағы жұмыскерлердің құқықтарын қорғау, кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қолдау және материалдық көмек көрсету бағытында жұмыстар жүргізіп келеді.**

Қарағанды облыстық Кәсіподақтар бірлестігі жанындағы штаб төрағасының Жезқазған аймағы бойынша орынбасары әрі Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы жанынан құрылған жедел штаб төрағасының басшылығымен аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына қарасты мүшелік ұйымдарда әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу және туындаған мәселелерді жедел қалпына келтіру мақсатында жұмыстар тұрақты бақылауда жүргізілуде. Сонымен қатар, аудан-қала әкімдіктері жанындағы жедел штаб құрамында Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының өкілдері белсенді қызмет етуде.

Бүгінде Жезқазған аумағының білім беру ұйымдарында жұмысынан айырылған немесе жалақы сақталмайтын демалысқа шығуға мәжбүр болған қызметкерлер тіркелген жоқ. Төтенше жағдай кезінде әлеуметтік қолдауға мұқтаж білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне және ардагерлерге көмек көрсету назардан тыс қалмады. Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының филиалдары тарапынан 2 898 000 теңге көлемінде көмек көрсетілді. Соның ішінде: Жезқазған қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 363 000 теңге; Сәтбаев қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 600 000 теңге; Балқаш қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 605 000 теңге; Қаражал қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 100 000 теңге; Шет аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 220 000 теңге; Жаңаарқа аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 320 000 теңге; Ақтоғай аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 170 000 теңге; Ұлытау аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы тарапынан 520 000 теңге. Аталған сомаға антисептиктік құралдар, маскалармен және қаржылай әлеуметтік қолдауға мұқтаж білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне және ардагерлерге көмек көрсетті.

Сонымен қатар, осы филиалдардың кәсіподақ мүшелеріне қосымша көмек ретінде Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымы өз қаражаты тарапынан барлығы 2 000 000 теңге көлемінде азық-түлік, дәрі-дәрмек, антисептиктік құралдар, 500 маска және 350 000 теңге көлемінде қаржылай әлеуметтік қолдауға мұқтаж білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне және ардагерлерге, барлығы 874 отбасыға көмек көрсетті.

Біз біргеміз!

**Марат ҚОҢЫРБАЕВ,**
**Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері**







*Алғыс*
*Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұжымына және оның басшысы Қоңырбаев Марат Сейілбекұлына, Жезқазған гуманитарлық колледжінің басшылығына және кәсіподақ ұйымына өзімнің отбасымның атынан алғысымды білдіре отырып, елімізде төтенше жағдайға байланысты «Біз біргеміз!» акциясы аясында көрсетілген көмектеріне ризашылығымызды білдіреміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!*

**Думан ӘУБӘКІРОВ,**
**Жезқазған гуманитарлық колледжінің оқытушысы**

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

**Еліміздің латын әліпбиіне көшуі – ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады.**

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді.

Сондай-ақ, Елбасы өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі.

Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды», – деп айтты. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді.

Латын әліпбиіне көшу – Елбасының аса бағалы бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған, тіліміздің болашағы үшін жасалған қадам.

Шынымен де, технологиялық, жаһандық заманда Қазақстанның латын графикасын таңдауы – мемлекеттік деңгейдегі маңызды шешім деп ойлаймын. Осы ұлы бастаманы жүзеге асыру барысында қаламызда, оның ішінде білім беру ұйымдарында біршама істер атқарылуда.

Кейінгі ұрпақ ұялы телефон пайда болғаннан бері СМС-хабарламаларды, әлеуметтік желідегі ақпараттарды латын қарпімен алмасып жүргендіктен, жаңа әліпбиді меңгеру кейінгі буынға аса қиындық туғызбайды деп ойлаймын. Жастардың заманауи латын қарпінде өз тілін меңгеруі, оны жаһан жұртшылығына паш етуі дұрыс қадам деп есептеймін. Жаһандану үдерісі қатты қарқын алған бүгінгі таңда ақпарат алмасу, ғылымның түрлі саласы дамыған сайын өзінің ұлттық құндылықтарын жаңа өмірге бейімдеп, бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптастыру, оны өрге сүйрейтін отаншыл ұрпақ тәрбиелеу – қоғамның басты бағдары.

Жалпы, латын қарпіндегі әліпбиге көшу қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашып, Қазақстанның әлемдік қауымдастықпен жақындасуына мүмкіндік береді. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді қадамдар басталмақ. Ең бастысы түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуімізге латын тілі алтын көпір болмақ.

Қиындықсыз, кедергісіз шаруа бітпесі анық, бірақ біз осының бәрі болашақ үшін жасалып жатқан игі іс шара екендігін түсіне білуіміз керек.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

**Гүлсара ҚҰРМАНБАЕВА,**
**С.Сейфуллин атындағы кітапхана электронды-ресурстық залының жетекшісі**

# «МЕН – ЕЛІМНІҢ ЕРТЕҢІМІН»



**Биыл кәмелеттік жасқа қадам басқалы отырған Сацита Хажиева өзінің Қазақстан Республикасының азаматшасы екендігін мақтан тұтады. Қазақшаға жүйрік шешен ұлтының қызы қазақ сыныбында білім алып жатыр. Сацитамен әңгіме барысында оның бойынан тау халықтарына тән еркіндікті, өжеттікті, шыншылдықты бірден аңғаруға болады.**

Сонысымен қоса, ол өн бойына қазаққа тән қарапайымдылық, қонақжайлылық, кесіп айтар туралылықты да молынан сіңіріпті. Бүгінде №13 ЖОБМ-нің 9-сыныбында білім алып жатыр. Оның әкесі де, анасы да – шешен. Кезіндегі саяси қуғын-сүргін кезінде Сацитаның атасы жеті жасында Сарыарқа төсіне қоныс аударған. Сөйтіп, осында қойшы болып еңбек етіп, бір үйдің баласындай жергілікті халықпен араласып, сіңісіп кетеді. Жезқазған жерінде үбірлі-шүбірлі отбасыға айналған. Бүгінде атасы мен әжесі бұл дүниеде жоқ болғанымен, олар берген тағылымды тәрбиемен сусындап өскен Сацитаның ата-анасы Юнус пен Жанна қас-қабағы қиылған төрт бірдей сұлуды дүниеге әкеліп, бағып-қағып жеткізді. Сацита – отбасының кенжесі. Алдында Седа, Зара, Балита есімді үш әпкесі бар. Екі әпкесі тұрмыста. Олар орыс және түрік ұлтының жігіттеріне күйеуге шығыпты. Балита болса – студент.

– Мұсылман халқы болса да шешен ұлтының салт-дәстүрлері, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық киімдері мен тағамдары да қазақтардан өзгеше. Бірақ, шынын айту керек, біз отбасымызбен қазақ ұлтына жақынбыз. Ойланып қарасам, шешен халқы мен қазақтардың тұрмыстық жағдайында, әсіресе, қонақ күту әдебі өте ұқсас. Біздің ұлтымызда да қонақты құдайындай сыйлайды. Оларға төрден орын беріп, үй иесі өзі төменге жайғасады. Қонақ келгенде үй иесінің тамақты бірінші болып бастап, бірінші болып аяқтауы да үлкен әдепсіздікке жатады. Сондай-ақ, үй иесі қонағы сұраған кез келген затты беруге міндетті. Біз қазақтардың ұлттық тағамдарын жиі жасаймыз, шешендердің мерекесіне қарағанда мемлекеттік мерекелерді жиі тойлаймыз. Мектептегі достарымның барлығы дерлік қазақ ұлтының балалары. Қазақ тілінде қатесіз сөйлеп, кез келген ортаға оңай сіңісуге баулыған ұстазым Жұпар Дәуренбековаға алғысым шексіз. Өзім спортқа жақынмын. Жастайымнан каратэмен айналыстым. Бүгінде мектептегі баскетбол, футбол, гандбол үйірмелеріне қатысып, спорттық сайыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүрмін. Мен Қазақстан сынды тәуелсіз, көп ұлтты мемлекетте дүниеге келіп, егемен елдің шаңырағында бейбіт те мамыражай, ешкімнің қабағына қарайламай өмір сүріп жатқаныма шексіз қуаныштымын. Себебі, басқа мемлекетке барып, өз еліндегідей алаңсыз күн кешу, әрине, оңай емес. Маған және менің туыстарыма осындай бақ бұйырғанына ризамын. Қазақ халқы өзге ұлттарды мүлде жатсынбайтын, керісінше, кез келгенін бауырындай көретін жомарт халық. Қазақтар өзге ұлттарға жанашырлық танытып, құрметтей біледі. Сол үшін осынау дархан жұртқа айтар алғысым айрықша, – деді шешен қызы әңгіме барысында.

Болашағын тек Қазақстанмен байланыстырғысы келетін Сацита Қазақстанда қалып, елінің ертеңі үшін еңбек еткісі келетіндігін жеткізді. Қазақша тақылдаған қылықты қыздың көркем мінезі мен ізгі ниетіне біз де іштей тәнті болып, жүрегіміз жібіп сала берді. Болашақта білікті дәрігер болып, дертті жандарға шипа іздеп, көңілдерге жылу мен медет сыйлауды армандандайтын Сацита қыз «Отанымның алдындағы қарызымды өтеу үшін барымды салып, адал қызмет етемін» дейді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

COVID-19



# ҚЫТАЙДЫ АЙЫПТАУШЫЛАР АРТЫП ОТЫР

**Әлемді жалмаған алапат пандемея өршіген сайын ауру алғаш қылаң беріп, артынша әлем елдеріне таралған Қытай Халық Республикасын айыптаушылардың саны артты.**

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін өздерін аузынан от шашқан қызыл айдаһарға балайтын Қытайға тіс батырып, батыл тіл қата алатын АҚШ бұл жолы да үнсіз қала алмады. Кінәні бір-біріне ысырып салып жатқан екі тарап арасында АҚШ президенті Дональд Трамп тағы да бой көтеріп, Ақ үйде өткен брифинг барысында Қытайдың COVID-19-ды таратуға себепші болғандығын, соған қарамастан дертті тоқтатуға бей-жай қарап, асқындырып алғандығын және соның салдарынан бүкіл әлем елдері үлкен зардап шегіп отырғандығын анық атап айтты. Сондай-ақ, олар бұл қателікке қасақана жол берген болса, соңы жақсы болмайтындығын да ескертті. Ақ үй басшысы бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының жұмысына да көңілі толмайтындығын жеткізді. Оның негізгі себебі аталмыш ұйымды қаржыландыруда АҚШ үкіметінің үлесі көптігіне қарамастан, олардың негізгі көмек қолын Қытайға созуы. Ол БДҰ ешкімді бөле жармай барлық коронавирусқа шалдыққан елдерге бірдей дәрежеде қол ұшын созуы керек екендігін еске салды.

Сонымен қатар, кейбір Қытай шенеуніктерінің қауіпті вирусты таратуда АҚШ әскери қызметшілерін кінәлауын нағыз ессіздікке балап, бұл айыптың дәлелсіз екендігін алға тартты.

Қытайға кінә тағушылардың қатары Германияменде толықты. Алғашқылардың бірі болып өзінің фейсбук парақшасында «Bild» газетінің шеф-редакторы Джулиан Райхельт Германиядағы Қытай елшілігіне ашық хат жолдады.

– Сіз, Цзинь Пин, Қытай үкімет басшыларымен бірге коронавирус алғаш тіркелген күннен бастап, қауіпті дерттің алдын алуларыңыз керек еді. Әлем зерттеушілері бұл дертке қатысты Уханьда болып жатқан оқиғалармен кеңірек таныспақ болған сәтте, сіздің тарап жауапсыз қалды. Осы тұста сіз өзіңізді тым өркөкірек, тым ұлтшыл адам ретінде көрсетіп алдыңыз және ұлтыңызды әлем алдында масқара еттіңіз. Сіз еліңізде ештеңені көзден таса қылмайтын адамсыз. Миллиардтаған қытай азаматын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын сіз шағын құс базарын бақылай алмадыңыз. Өз билігіңізді сынға алған кез келген газет пен веб-сайтты ойланбастан жауып тастайсыз, бірақ, жарғанат сорпасын сататын дүңкіршектер жұмысын тоқтатуға қауқарыңыз жетпеді. Осылайша тек өз халқыңызға ғана емес, бүкіл әлем жұртының басын қатерге байладыңыз. Бүгінге дейін дүниежүзі Қытайды тәртіпке бас иген, экономикасы мықты мемлекет ретінде танып келсе, бұдан былай қаншама адамның өліміне себепкер, әлемге өлім тудыратын қауіпті вирусты таратқан ел ретінде есте сақтайтын болды, – деп жазды ол.

Осы тұста Германияның экономика және даму министрі Герд Мюллер де Қытайдан коронавирустың қайдан, қалай пайда болғандығы жөнінде нақты әрі шынайы ақпараттармен бөлісуді талап етті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЖАС ТҮЛЕК – 2020

# «АЛТЫН БЕЛГІ» мен «ҮЗДІК АТТЕСТАТ»

***қорытынды баға негізінде беріледі***

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына қазіргі жағдайға байланысты 2020 жылдың 20 сәуірінде №149 бұйрығымен төмендегідей толықтырулар енгізілді.**

– қазіргі карантин жағдайында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайда «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында» барлық сыныптарда білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде жүргізіледі.

– экстернат нысанында оқыту қағидаларына сәйкес білім алушы балалар қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып БЖБ (бөлімдік жиынтық бағалау) нысанында қорытынды бітіру емтиханын тапсырады.

Жезқазған қаласы бойынша жалпы білім беретін 19 мектеп, оның ішінде 4 ауыл мектебі 2019-2020 оқу жылының IV тоқсанынан бастап қашықтан оқып жатыр.

2019-2020 оқу жылында 9 сыныпты – 1148 оқушы, 11 сыныпты 503 оқушы аяқтағалы отыр. 11 сынып бітірушілердің ішінен «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер саны – 39, үздік аттестатқа үміткерлер саны – 21.

9, 11-сынып оқушылары жоғарыда айтылған Ережеге сәйкес бітіру емтихандарын тапсырмайды, сондықтан «Алтын белгі» мен үздік аттестат жылдық қорытынды бағалар негізінде беріледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 маусымындағы №278 бұйрығымен бекітілген «Алтын белгі» белгісі туралы ереже өзгеріссіз қалды.

Былтырғы 2018-2019 оқу жылында «Алтын белгі» белгісін – 25 түлек, үздік аттестатты 18 түлек иеленді.

***Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ,***
**Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы**